



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

Жол бойындағы сервис объектілеріне қойылатын талаптар

ДОРОГИ АВТОМОБИЛЬНЫЕ ОБЩЕГО ПОЛЬЗОВАНИЯ

Требования к объектам придорожного сервиса

ҚР СТ 2476-2021

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің

Техникалық реттеу және метрология комитеті

(Мемстандарт)



Нұр-Сұлтан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

Жол бойындағы сервис объектілеріне қойылатын талаптар

ҚР СТ 2476-2021

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті**

(Мемстандарт)

Нұр-Сұлтан

Алғысөз

1 «Ұлттық жол активтері сапасы орталығы» ШЖҚ РМК, «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» АҚ **ӘЗІРЛЕДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті **ЕНГІЗДІ**

3 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2021 жылғы «29» шілдедегі № 274-НҚ бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі №245 «Автомобиль жолдары туралы», 2003 жылғы 4 шілдедегі № 476-II «Автомобиль көлігі туралы», 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V «Жол жүрісі туралы», 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы», 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508 «Жарнама туралы» Заңдарының, КО ТР 014/2011 «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағы техникалық регламентінің ережелері жүзеге асырылды

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2026 жыл
5 жыл

6 ҚР СТ 2476-2014 «Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол сервисі объектілеріне және олардың қызметтеріне қойылатын талаптар» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогында, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні «Ұлттық стандарттар» мерзімді басып шығарылатын ақпараттық каталогында жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе күші жойылған жағдайда, тиісті хабарлама «Ұлттық стандарттар» мерзімді басып шығарылатын ақпараттық каталогында жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толығымен немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	2
4	Жалпы ережелер	3
5	Жол бойындағы сервис және жол қызметі объектілерін жіктеу	4
6	Жол бойындағы сервис және жол қызметі объектілерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	8
6.1	Жалпы талаптар	8
6.2	Маршруттық жолаушылар көлігінің аялдама пункттерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	9
6.3	Демалыс алаңдарын орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	10
6.4	Жол бойындағы сервис объектілерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	17
6.5	Күзегілетін тұрақтарды орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	19
6.6	Техникалық қызмет көрсету станцияларын орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	20
6.7	Автомобиль көлігін жуу пункттерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	21
6.8	Мотельдер мен кемпингтерді орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	21
6.9	Тамақтану және сауда пункттерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	22
6.10	Жанармай құю станцияларын орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар	22
7	Жол бойындағы сервис объектілерінің ғимараттары мен үй-жайларына қойылатын талаптар	24
7.1	Жол бойындағы сервис объектілерін сәулеттік безендіру және жабдықтау	24
7.2	Жол бойындағы сервис объектілерінің санитариялық-гигиеналық талаптары	25
7.3	Өртке қарсы қауіпсіздік	25
7.4	Жол бойындағы сервис объектілері үй-жайларының температуралық режиміне, желдету және ауа баптауға қойылатын талаптар	26
7.5	Жол бойындағы сервис үй-жайларын жарықтандыруға қойылатын талаптар	26
7.6	Күзетке және қауіпсіздікке қойылатын талаптар	27
7.7	Сәндік көгалдандыру	27
8	Жол бойындағы сервис объектілерін ақпараттық қамтамасыз ету	27
8.1	Сыртқы (көрнекі) жарнама	27
8.2	Жол бойындағы сервис объектілерін ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар	28
9	Жол бойындағы сервис объектілері ұсынатын қызметтерге қойылатын талаптар	29
10	Қозғалысы шектеулі жолаушыларға қызмет көрсету кезінде жол бойындағы сервис объектілеріне қойылатын талаптар	30
10.1	Жалпы ережелер	30
10.2	Қолжетімділік	30

ҚР СТ 2476-2021

10.3 Қауіпсіздік	31
10.4 Ақпараттылық	32
10.5 Жайлылық	33
А қосымшасы (міндетті). Жалпыға ортақ пайдаланылатын автокөлік жолдарының бойындағы сервис объектілері арасындағы ұсынылатын қашықтық	34
Б қосымшасы (ақпараттық). Көлік күтуге арналған павильоны бар автобустардың аялдама пункті	35
В қосымшасы (ақпараттық). Демалыс алаңдары	36
Г қосымшасы (міндетті). Жол бойындағы сервис объектілерін орналастыру	38
Д қосымшасы (ақпараттық). «С» және «D» сыныпты сервис объектілері	39
Е қосымшасы (ақпараттық). «В» сыныпты сервис объектілері	41
Ж қосымшасы (ақпараттық). «А» сыныпты сервис объектілері	42
Библиография	44

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ
ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ СЕРВИС ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Енгізілген күні 2022-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының (бұдан әрі – автомобиль жолдары) бойындағы сервис объектілеріне қойылатын жалпы талаптарды, сондай-ақ оларды орналастыру және жайластыру қағидаларын белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1124-2019 Жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жолды таңбасы. Жіктемесі. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1125-2002 Жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілері. Жалпы техникалық талаптар.

ҚР СТ 1174-2003 Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ ҚСТ 1352-2008 Туристік қызметтер. Негізгі ережелер.

ҚР СТ 1412-2017 Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдары. Қолдану ережелері.

ҚР СТ 1633-2015 Автомобиль жолдары мен елді мекендердегі сыртқы жарнама құралдары. Жалпы техникалық талаптар және орналастыру қағидалары.

ҚР СТ 1753-2008 Сауда. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1754-2008 Бөлшек сауда. Кәсіпорындарды жіктеу.

ҚР СТ 1755-2008 Бөлшек сауда. Қызмет көрсетуші персоналға қойылатын талаптар.

ҚР СТ 1756-2008 Бөлшек сауда қызметтері. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2068-2010 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жайластыру элементтері. Жалпы талаптар.

ҚР СТ БС ЕН ИСО 18513-2010 Туристік қызметтер. Қонақ үйлер және туристерді қабылдайтын басқа да орындар. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 12.1.044-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.007-76 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктеу және жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.026-2015 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ). Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық сызықтар. Арналған мақсаты және қолдану қағидалары. Жалпы техникалық талаптар және сипаттамалары. Сынау әдістері.

ГОСТ 12.1.051-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздігі. Кернеуі 1000 В жоғары электр беру желілерінің қорғалатын аймағындағы қауіпсіз қашықтықтар.

ГОСТ 32945-2014 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол белгілері. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 2476-2021

ГОСТ 32953-2014 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол таңбасы. Техникалық талаптар.

ГОСТ 33027-2014 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Сыртқы жарнама құралдарын орналастыруға қойылатын талаптар.

ГОСТ 33062-2014 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол және жол бойындағы сервис объектілерін орналастыруға қойылатын талаптар.

ГОСТ 33382-2015 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Техникалық сыныптамаcы.

Ескертпе – Осы стандартты пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогы және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын шығарылатын тиісті ақпараттық сілтемелер бойынша сілтемелік стандарттардың қолданысын тексерген орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай күші жойылған болса, онда оған сілтеме жасайтын ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы стандартта ГОСТ 33062-2014 «Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол бойындағы сервис объектілерін орналастыруға қойылатын талаптарда» қолданылған тиісті анықтамалары бар терминдер, сондай-ақ келесі терминдер қолданылады:

3.1 Жанармай құю станциясы немесе автомобильге газ толтыру станциясы, ЖҚС, АГТС: Орналасуы және техникалық жабдықталуы отын мен жанар-жағармай материалдарын бөлшек саудада сатуға және көлік құралдарына май құюға арналған құрылысжай.

3.2 Караванинг: Дөңгелекті үйде тұрып, сонымен саяхаттау.

3.3 Кемпинг: Жазғы типті үйлермен, тұруға арналған вагондармен, стационарлық шатырлармен немесе шатыр орнатуға арналған орынмен, демалысты өзіне-өзі қызмет көрсету қағидаттарымен ұйымдастыруды қамтамасыз ететін автотұрақпен жабдықталған туристерге арналған лагерь.

3.4 Криогенді жанармай құю станциясы, КриоАЖС: технологиялық жүйесі станция аумағында сұйытылған табиғи газды қайта газдандыру жолымен алынатын сығылған табиғи газды көлік құралдарының отын жүйесі баллондарына ғана құюға арналған АЖС.

3.5 Шағын сәулеттік нысан: Автомобиль жолын абаттандыруда және жол бойындағы сервисте пайдаланылатын шағын құрылысжай (павильон, күрке, дүңгіршек, қоқыс жинағыш, отырғыш және т.б.).

3.6 Жол қозғалысының мүмкіндігі шектеулі қатысушылары: Тірек-қимыл аппараты зақымданған, көру қабілеті бұзылған және есту кемістігі бар мүгедектер, сондай-ақ өз бетінше жүріп-тұру, қызмет алу, қажетті ақпарат алу немесе кеңістікте бағдарлану кезінде қиындық көріп жүрген егде жастағы және уақытша еңбекке жарамсыз адамдар.

3.7 Көпотынды АЖС, МАЖС: Құрамына сығымдалған және сұйытылған табиғи газ құю модульдері кіретін АЖС.

3.8 Аялдама павильоны: Маршруттық көлік құралдарының аялдауына арналған отырғызу алаңының көлік күтіп отырған адамдарды атмосфералық жауын-шашыннан және желден қорғауға арналған элементі.

3.9 Аялдама алаңы: Маршруттық көлік құралдары аялдайтын немесе жеңіл және басқа да автомобильдер жоспарланған тұрақты қысқа мерзімді аялдайтын орындардағы арнайы жабдықталған алаң.

3.10 Отырғызу алаңы: Маршруттық көлік құралдарының аялдамаларындағы аялдама алаңы жабынынан сәл көтеріңкі орналасқан және бордюрмен қоршалған алаң.

3.11 Автомобиль көлігін жуу пункті: Елді мекендерге кірердегі, әдетте техникалық қызмет көрсету станцияларымен және АЖС (АГТКС) аумағымен біріктірілетін, сондай-ақ әдетте мотельге жақын орналасатын, күтіп тұрған көлік құралдары үшін талап етілетін кірме жолдар мен алаңдар салынған құрылысжай.

3.12 Жылыну пункті: Жылдың ауыр табиғи-климаттық жағдайларымен (төмен температура, бұрқасын, қар жауу, қар көшкіні, дауыл, қатты жел) және т.б. сипатталатын қыс мезгілі мен өтпелі жыл маусымдарында жол пайдаланушыларының өмірін сақтауға, бірінші қажеттіліктерін өтеуге арналған жол бөлінісі белдеуінде немесе жол бойындағы жолақта орналасқан стационарлық немесе жылжымалы құрылысжай.

3.13 Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету станциясы, АТҚС, ТҚС: Автомобильдерге техникалық қызмет көрсетуді, ағымдағы жөндеуді, қосалқы бөлшектермен және кейбір пайдаланылатын материалдармен жабдықтауды қамтамасыз ететін мамандандырылған кәсіпорын.

3.14 Трассалық медициналық-құтқару пункті: Жол бойындағы жолақта орналасқан, шұғыл әрекет ететін бригадалармен, медициналық және құтқару жабдықтарымен, қажетті реанимациялық іс-шараларды орындауға, жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендерге ЖКО орнында немесе стационарға барар жолда көмек көрсетуге мүмкіндік беретін реанимобильдермен жарактандырылған мамандандырылған кәсіби медициналық авариялық-құтқару құрамасы.

4 Жалпы ережелер

4.1 Жол жүрісіне қатысушыларға қызмет көрсету үшін автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін орналастыру жөніндегі ең төменгі қажетті талаптар А қосымшасында келтірілген.

4.2 Жол бойындағы сервистің әртүрлі дара тұрған объектілері жол бойындағы сервис объектілерінің кешендеріне біріктірілуі мүмкін.

4.3 Жол бойындағы сервис объектілерінің құрамын таңдау және оларды орналастыру осы стандарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.4 Автомобиль жолын жол бойындағы сервис және жол қызметі объектілерімен қамтамасыз ету автомобиль жолының көрінуін және жол жүрісі қауіпсіздігінің басқа да жағдайларын, оның ішінде автомобиль жолын және онда орналасқан ғимараттар мен өзге де объектілерді пайдалану мен күтіп-ұстау жағдайларын нашарлатпауға тиіс.

4.5 Жол бойындағы сервис және жол қызметі объектілерін жабдықтау мүгедек адамдар үшін көрсетілген объектілерге кедергісіз қол жеткізуді, сондай-ақ осы стандартта көзделген қызметтерді пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

4.6 Ақылы автомобиль жолдарында бұл ретте көлік құралдарының жүрісіне кедергі келтірмей және ақылы жолдар үшін талап етілетін қозғалыс қауіпсіздігінің деңгейін төмендетпей, ақылы автомобиль жолын пайдаланушылардың қажеттіліктерін толық қанағаттандыру қамтамасыз етілуіне тиіс.

4.7 Жол бойындағы сервис пен жол қызметі объектілерінің аумағында жол жүрісін ұйымдастыру жобасы мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

- көлік ағындарын (транзиттік, жолдан түсетін, аумақ бойында баяу қозғалатын және одан бұрылып түсетін көлік) және жаяу жүргіншілердің жүретін жолдарын бөлу;

- негізгі жолға, объектіге кірме жол мен аумағына жол белгілерін, көлденең және тік таңбаларды, көзге шағылысуға қарсы және шудан қорғау экрандарын, бағдаршамдарды,

ҚР СТ 2476-2021

сыртқы жарықтандыру тіректерін, жол қоршауларын және бағыттаушы құрылғыларды орналастыруды қоса алғанда, көлік және жаяу жүргіншілер ағындарының қозғалысын ұйымдастыру.

4.8 IA, IB және II санаттағы автомобиль жолдарының учаскелерінде жол сервисі объектілерінің аумағына кірердегі және олардан шығардағы қозғалыс біржақты (толассыз) болуға тиіс, бұл ретте жол бойындағы сервис объектілерінің аумағынан шығатын жолдар кіретін жолдардан кейін қозғалыс бойынша орналастырылады.

4.9 Жол бойындағы сервис объектілері жобалар сараптамасынан міндетті түрде өткеннен кейін және қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық мүдделі органдармен келісілгеннен кейін жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес тұрғызылады.

4.10 Жол бойындағы сервисің кез келген объектілерін жобалық-сметалық құжаттамасыз және оны қолданыстағы заңнамаға сәйкес келісусіз өз бетінше орналастыруға жол берілмейді.

4.11 Жол бойындағы сервис объектілерін орналастыру жол бойындағы жолақ шегінен шығып кеткен немесе жолдың қолданыстағы параметрлерін өзгерту талап етілген жағдайларда, құрылыс, қозғалысты келісу және ұйымдастыру белгіленген тәртіппен жеке жобалар бойынша жүргізіледі.

4.12 Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу жобалық-сметалық құжаттамасының құрамына жол бойындағы сервис объектілері, сондай-ақ жылыну пункттері кіреді. Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде автомобиль жолының көліктік-пайдалану сипаттамаларын ескере отырып, жол бойындағы сервис объектілерінің тиісті санатын беру ұсынылады.

5 Жол бойындағы сервис және жол қызметі объектілерін жіктеу

5.1 Жол бойындағы сервис объектілері құрамына (1-кестені қараңыз) және ұсынатын қызмет түрлеріне (2-кестені қараңыз) қарай «А», «В», «С», «D» және «Е» сыныптарына бөлінеді.

Тиісті санаттағы жол бойындағы сервис объектісінің құрамы қозғалыстың есептік қарқындылығы деңгейіне қарай қабылданады:

- «А» сыныпты жол бойындағы сервис объектілері - тәулігіне 7 000 жоғары авт.;
- «В» сыныпты жол бойындағы сервис объектілері - тәулігіне 1 000 жоғары авт.;
- «С», «D» және «Е» сыныпты жол бойындағы сервис объектілері - тәулігіне 100 жоғары авт..

1-кесте - Жол бойындағы сервис объектілерінің құрамы

Жол бойындағы сервис объектілерінің атауы	Жол бойындағы сервис объектісінің сыныбы				
	A	B	C	D	E
Автожанармай құю станциясы	+	-	-	+	-
Мотель, кемпинг	+	+	-	-	+
	кемінде 25 орын	кемінде 10 орын			
Абаттандырылған (жылы) дәретхана	+	+	+	+	+
Қоғамдық душ кабиналары	+	+	-	-	-

I-кестенің жалғасы - Жол бойындағы сервис объектілерінің құрамы

Жол бойындағы сервис объектілерінің атауы	Жол бойындағы сервис объектісінің сыныбы				
	A	B	C	D	E
Бөлшек сауда пункті	+	+	+	+	+
					(тапсырыс берушімен келісім бойынша)
Қоғамдық тамақтану пункті (от.о.– отыраратын орын)	+ кемінде 40 от.о.	+ кемінде 40 от.о.	+ кемінде 15 от.о.	-	-
Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету станциясы	+	+	-	-	-
Автомобиль көлігін жуу пункті	+	+	-	-	-
Автобустарды, жеңіл автомобильдерді, жүк автомобильдерін қоюға арналған орындар бөлінген тұрақ	+	+	+	-	-
Коммуникациялар тартылмаған күзетілетін тұрақ	+	+	-	-	-
Коммуникациялар тартылған күзетілетін тұрақ	-	-	-	-	+
Сейіл жасауға арналған орын	-	-	-	-	+
Бос уақытты өткізу және демалыс аймағы	+	-	-	-	-
Алғашқы көмек көрсетуге арналған орын	+	+	-	-	-
Ескертпе - «+» белгісі жол бойындағы сервис объектісінің бар екенін, «-» оның жоқ екенін білдіреді. Жол бойындағы сервистің «C» және «D» объектілерін бірыңғай аумақта орналастыруға болады.					

«А», «В», «С» және «Е» сыныпты жол бойындағы сервис объектілерінің құрамына мыналарды қосуға жол беріледі:

- демалыс алаңдары;
- жергілікті кәсіпшілік өнімдерін және (немесе) кәдесыйларын бөлшек саудада өткізуге арналған орындар (базар);
- тіркемесі бар жеңіл автомобильдерді қоюға арналған орындар (автокемперлер);
- жылыну пункті;
- балаларға арналған ойын алаңдары;
- валюта айырбастау пункттері.

«Е» сыныпты жол бойындағы сервис объектілері электрмен, ауыз сумен жабдықталған, пайдаланылған суды ағызу жүйесі ұйымдастырылған күзетілетін тұрақпен қамтамасыз етіледі.

«А», «В», «С» және «Е» сыныпты жол бойындағы сервис объектілерінде алғашқы медициналық көмек көрсету пункті/орны немесе трассалық медициналық-құтқару пункті орналасады.

«А», «В», «С» және «D» сыныпты жол бойындағы сервис объектілері қолайсыз ауа-райы жағдайлары кезеңінде жылыну пункттері ретінде пайдаланылады.

«А», «В», «С», «D» және «Е» сыныпты жол бойындағы сервис объектілерінің құрамына қарай оларды орналастыру аудандары: «А» - 7 Га астам, «В» - 5-тен 7 Га дейін, «С» - 3 Га дейін, «D» және «Е» - 2 Га дейін.

ҚР СТ 2476-2021

Ескертпе – Автомобиль жолдарының учаскелерін реконструкциялау кезінде жол бойындағы сервис объектісінің сыныбын төмендетуге жол беріледі.

5.2 Жол бойындағы сервис объектілері көрсететін, жол бойындағы сервис объектілері сыныбына қарай түрленетін қызмет түрлерінің тізбесі 2-кестеде берілген.

2-кесте - Жол бойындағы сервис объектілерінің тиісті сыныпты пайдаланушыларға көрсететін қызмет түрлерінің тізбесі

Көрсетілетін қызметтердің атауы	Жол бойындағы сервис объектісінің сыныбы				
	A	B	C	D	E
Автожанармай құю станциясының қызметтері (АЖС, АГЖС, АГТКС)	+	-	-	+	-
Мотель / кемпинг қызметтері	+	+	-	-	+
Абаттандырылған (жылы) дәретхана қызметтері	+	+	+	+	+
Қоғамдық душ кабинасы қызметтері	+	+	-	-	-
Бөлшек сауда қызметтері	+	+	+	+	+ (тапсырыс берушімен келісім бойынша)
Қоғамдық тамақтану қызметтері	+	+	+	-	-
Техникалық қызмет көрсету станциясының қызметтері	+	+	-	-	-
Автомобиль көлігін жуу пунктіннің қызметтері	+	+	-	-	-
Коммуникациялар тартылмаған күзетілетін тұрақ қызметтері	+	+	-	-	-
Коммуникациялар тартылған күзетілетін тұрақ қызметтері	-	-	-	-	+
Банкоматтар, төлем терминалдарының қызметтері	+	-	-	-	-
Сейіл құруға арналған орын ұсыну қызметтері	-	-	-	-	+
Алғашқы медициналық көмек көрсету қызметтері	+	+	-	-	-
Жылыну пункті қызметтері	+	+	+	+	-
Туристік бюро қызметтері	+	-	-	-	-
Балалар алаңы қызметтері	+	+	-	-	+
Ана мен бала бөлмесі қызметтері	+	+	-	-	-
Тұрмыстық қызметтер (кір жуу және химиялық тазалау)	+	+	-	-	-
Бос уақытты өткізу және демалыс қызметтері	+	-	-	-	-
Ескертпе - «+» белгісі жол бойындағы сервис объектісінде қызметтің бар екенін, «-» оның жоқ екенін білдіреді.					

Тікелей елді мекендер шекарасында орналасқан «С» сыныпты жол бойындағы сервис объектілерінде қоғамдық душ кабинасы және ана мен бала бөлмесінің қызметтері жол бойындағы сервис объектісі иесінің шешімі бойынша орнатылады.

5.3 Жол қызметі объектілерінің түрлері:

- қоғамдық жолаушылар көлігінің, оның ішінде көлік күтуге арналған павильоны немесе аспасы бар аялдама пункттері жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған және өтпелі-жылдамдық жолақтарымен, бүйірлік шектегіш жолағы бар кіру «қалтасымен» (Іб-ІІІ санаттағы жолдар үшін), орындықтары мен қоқысқа арналған жәшіктері бар аялдама және отырғызу алаңдарымен (ІV санаттағы жолдар үшін тек қоқыс жәшігі), сондай-ақ аялдаманың атауы туралы ақпаратпен және автобустардың қозғалыс кестесін орналастыруға арналған құрылғымен жабдықталған;

- демалысқа арналған, оның ішінде абаттандырылған дәретханасы бар алаң автомобиль жолдарын пайдаланушылардың қысқа мерзімді демалуына арналған, оның құрамында тұрақ алаңы, демалыс аймағы және санитариялық жабдық (дәретхана, қоқыс контейнері, жәшіктері және т.б.) болады.

- жол-көлік оқиғасы немесе төтенше жағдайлар болған жерге медициналық және (немесе) техникалық көмек шақыруға арналған авариялық-шақыру байланысының құрылғысы.

5.4 Жол бойындағы сервис объектілерінің түрлері:

- күзетілетін тұрақ – көлік құралдарын сақтауға, оларды беруге, сондай-ақ олардың сақталуы мен қауіпсіздігіне арналған, арнайы жабдықталған инженерлік құрылысжайды білдіретін көлік құралдарын қоятын орын;

- көлік құралдарына отын және жанар-жағармай материалдарын құю мүмкіндігін қамтамасыз етуге арналған және техникалық сұйықтықтар мен автомобиль құралдарын сатуға арналған сауда павильонымен, көлік құралдарының аялдауына арналған алаңмен, байланыс құралдарымен, абаттандырылған дәретханамен және қоқыс жинағыштармен жабдықталған автожанармай құю және газ толтыру станциясы;

- азық-түлік өнімдерін, техникалық сұйықтықтарды және автомобиль керек-жарақтарын сатуды жүзеге асыруға арналған және жеңіл автомобильдерге арналған алаң-тұрақтармен, қоқыс жинағыштармен жабдықталған сауда кәсіпорны;

- қоғамдық тамақтану пунктінің аумағында тамақ өнімдерін сатып алуға және (немесе) тамақ ішуге мүмкіндік беруге арналған және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың санаттарына арналған тұрақ орындарын бөлетін, жеңіл және жүк автомобильдерін қоюға арналған алаңмен, абаттандырылған дәретханамен және қоқыс жинағыштармен жабдықталған қоғамдық тамақтану пункті;

- қысқа мерзімге немесе ұзақ мерзімге тоқтайтын көлік құралдарының иелері мен пайдаланушыларын жыл бойы қабылдауға және оларға қызмет көрсетуге арналған және мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың санаттары үшін тұрақ орындарын бөлетін, көлік құралдарының күзетілетін тұрағымен жабдықталған мотель;

- көлік құралдарының иелері мен пайдаланушыларына (шатырлы қалашықта және жартылай жеңіл жылытылмайтын үй-жайларда тұруға) маусымдық (жолаушылардың жазғы ағылуы кезеңінде) қабылдауға және қызмет көрсетуге (ішінара өзіне-өзі қызмет көрсетуге) арналған және мүгедектігі бар адамдардың көлігін қоятын орын, жеке тамақ дайындайтын және ас ішетін орын бөлетін, дәретханалар мен қоқыс жинағыштары бар, тұрғылықты жердегі электр энергиясына қосылатын көлік құралдарының тұрағымен жабдықталған кемпинг;

- автомобильдерді жыл бойы қолмен немесе механикаландырылған түрде жуу мүмкіндігін беруге арналған және автомобильдерге арналған тұрақ алаңымен, дәретханамен және қоқыс жинағыштармен жабдықталған автомобиль көлігін жуу пункті;

ҚР СТ 2476-2021

- көлік құралдарының әрбір түріне (жеңіл, жүк автомобильдері, автобустар мен қауіпті жүктерді тасымалдайтын жүк көлік құралдары) ұсақ авариялық жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді жыл бойы жүргізуге арналған және көлік құралдарының осы түрлеріне арналған тұрақ алаңымен; эстакадасы немесе қарау шұңқыры бар көлікті техникалық байқау аймағымен; дәретханамен және қоқыс жинағыштармен жабдықталған техникалық қызмет көрсету станциясы;

- медициналық көмек көрсетуге арналған және байланыс құралымен, дәретханамен және қоқыс жинағыштармен жабдықталған медициналық көмек пункті;

- ақпараттық қамтамасыз ету құралдары (ақпараттық сілтемелер, жарнамалық қалқандар).

6 Жол бойындағы сервис және жол қызметі объектілерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.1 Жалпы талаптар

6.1.1 Жол бойындағы сервис пен жол қызметі объектілерін жол бойындағы жолақ және автомобиль жолына бөлінген жолақ шекараларында орналастыру ГОСТ 33062-2014 ережелерін, осы ұлттық стандартты сақтай отырып және келесі шарттарды орындай отырып жүзеге асырылады:

- жол бойындағы сервис пен жол қызметінің объектілері автомобиль жолының көрінуін және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басқа да жағдайларын нашарлатпауға тиіс;

- жол бойындағы сервис объектілері мен сервистің жол қызметінің орналасуы автомобиль жолын және оның құрамына кіретін жол құрылысжайларын күтіп-ұстау және жөндеу жұмыстарын орындау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс;

- жол бойындағы сервис пен жол қызметі объектілерін орналастыру орындары автомобиль жолын реконструкциялау мүмкіндігін ескере отырып таңдалады;

- жол бойындағы сервис пен жол қызметі объектілерін орналастыру кезінде автомобиль жолына қолжетімділікті қамтамасыз ету шарттары сақталуға тиіс.

6.1.2 Қозғалыс қауіпсіздігін және қызмет көрсету қолайлылығын қамтамасыз ету үшін аумаққа жарық беру және [10]-да параметрлері регламенттелетін жол бойындағы сервис пен жол қызметі объектілеріне келу жолдары көзделуге тиіс. Күн батқанан кейін тұрақтарға жарық беру міндетті болып табылады. Бұл ретте негізгі жолмен өтіп бара жатқандардың көзін қарықтыруға жол берілмеуге тиіс.

6.1.3 Автомобиль жолындағы жол жүрісіне қатысушыларды ақпараттандыру үшін ҚР СТ 1125, ГОСТ 32945 талаптарына сәйкес сервис белгілері мен ақпараттық белгілер қолданылады, оларды орналастыру ҚР СТ 1412 стандартында регламенттелген.

6.1.4 Жол бойындағы сервис пен жол қызметі объектілері тәуліктің қараңғы уақытында көрінетін объект атауы жазылған ақпараттық сілтемелермен жабдықталуға тиіс. Жүргізушілерді жақсырақ бағдарлау үшін сервис объектісінің аумағына кірердегі жерде оған өту, көлік қою және шығу схемасын орналастыру қажет.

6.1.5 ІА, ІБ санаттағы автомобиль жолдарында, оның ішінде ақылы жолдарда ауыспалы ақпараты бар ақпараттық таблоны пайдалануға болады.

6.1.6 Жол бойындағы сервис объектілерін орналастыру алаңының орналасқан жері онда салынып жатқан құрылысжайдың атқаратын мақсатына сәйкес келуге, ал өлшемі мен конфигурациясы барлық негізгі және қосалқы үй-жайлар, жабдықтар, технологиялық желілер, алаң ішіндегі өтпе жолдар, тежеу және үдету жолақтарын қоса алғанда, жолдан өтетін және шығатын жерлердің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

6.1.7 Жол бойындағы сервис объектілері 3-кестеге сәйкес автомобиль жолдарына орналастырылады.

3-кесте - Автомобиль жолдарына жол бойындағы сервис объектілерін орналастыру

Автомобиль жолдарының санаттары	Жол бойындағы сервис объектілерінің сыныбы
IA, IB	A, B, D, E
II	B, C, D, E
III, IV	C, D, E

6.2 Маршруттық жолаушылар көлігінің аялдама пункттерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.2.1 Көлік күтуді, жолаушыларды түсіруді және отырғызуды ұйымдастыруға арналған маршруттық жолаушылар көлігінің аялдама пункттері (аялдама пункттері) жүру маршрутындағы аралық аялдау орындарында маршруттық көлік құралдары тұрақты жүретін жолдарда жабдықталады.

6.2.2 Автомобиль жолдарындағы аялдама пункттеріне қойылатын талаптар ҚР СТ 2068 белгіленген.

6.2.3 IA, IB санаттағы жолдарда аялдама пункттері жер төсемінің шегінен тыс орналастырылады. Аялдама пункттері арасындағы қашықтық кемінде 5,0 км, II - IV санаттағы жолдарда 3 км кем емес, ал курорттық аудандарда және халық тығыз орналасқан жерлерде - 0,4 км болуға тиіс.

6.2.4 Маршруттық жолаушылар көлігінің аялдама пункттерін орналастыру орнын жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттарына, жолаушылар ағынының деңгейіне, сондай-ақ сәулет-жоспарлау тапсырмасының талаптарына сүйене отырып таңдау қажет.

6.2.5 Аялдама пункті мынадай элементтерден тұруға тиіс:

- аялдама алаңы;
- отырғызуға арналған алаң;
- күту алаңы;
- өтпелі-жылдамдық жолақтары;
- кіру «қалтасы» (автомобиль жолдары қиылысатын және қосылатын өтпелі-жылдамдық жолағы аймағында аялдаманы орналастыру кезінде);
- бүйірлік бөлу жолағы (IA-III санатты жолдар үшін);
- тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдары;
- жаяу жүргіншілер өткелі;
- көлік павильоны;
- орындықтар;
- қоқысқа арналған контейнер мен жәшіктер (IV санаттағы жолдар үшін тек қоқыс жәшіктері);
- жол жүрісін ұйымдастырудың техникалық құралдары (жол белгілері, жолды сызықтармен таңбалау, қоршаулар);
- жарықтандыру (тарату желілеріне қосылуға болатын жерге дейінгі қашықтық 500 м аспайтын болса).

6.2.6 Аялдама пункттерін орналастыру орындарында тиісті санаттағы жолдар үшін автомобиль аялдмасын көру қашықтығы қамтамасыз етілуге тиіс.

6.2.7 I санатты жолдардағы автобус аялдмалары бір-біріне қарама-қарсы орналасады, ал II-V санатты жолдарда оларды қозғалыс барысы бойынша павильондардың ең жақын тұрған қабырғалары арасында 30 м кем емес қашықтыққа ауыстыру керек.

ҚР СТ 2476-2021

6.2.8 Жолдардың қиылысу және қосылу аймақтарында автобус аялдамалары қиылыстардан 8-кестеге [16] сәйкес аялдаманы көру қашықтығынан кем емес қашықтықта орналасады.

Қарама-қарсы бағытта қозғалатын көлік құралдары үшін аялдама пункттерін оларды бір-біріне қатысты 30 м кем емес қашықтықта қиылысқанға немесе қосылғанға дейін орналастыруға рұқсат етіледі.

6.2.9 Жолдар әртүрлі деңгейлерде қиылысқанда аялдама пункттері оңға бұрылатын құлама жолмен қосылғаннан кейін орналастырылады.

6.2.10 Аялдама пунктті шегіндегі бойлық еңіс 40 % артық болмауға тиіс, жоспардағы қисықтың радиусы 100 м кем болмауға тиіс. Бұл ретте аялдама пункттерін жоспардағы радиусы 200 м кем қисық деңгейге оның ішкі жағынан орналастыруға болмайды.

6.2.11 Аялдама павильонының ең жақын қыры аялдама алаңының көлік жүретін бөлігінің борт қоршауынан 3 м кем емес (Б қосымшасын қараңыз), тар жағдайда – 2 м кем емес қашықтықта болуға тиіс.

6.2.12. Аялдама алаңдарының ені қозғалыс жолағының еніне тең болуы көзделеді, оларды ұзындығы кемінде 15 метрге жайылатын «қалталарға» орналастыру керек. Алаңның ұзындығын бір мезгілде тоқтайтын маршруттық көлік құралдарының санына қарай, бірақ 12 м кем емес деп қабылдау керек.

6.2.13 Отырғызу алаңдары аялдама алаңының бетінен 0,2 м жоғары көтеріліп тұруға тиіс. Отырғызу алаңдарының бетінде ені 2 м кем емес және аялдама алаңының ұзындығына сәйкес келетін ұзындықтағы монолитті немесе тас төселген жамылғы болуға тиіс.

6.2.14 Аялдама пункттері ҚР СТ 1412 талаптарына сәйкес ҚР СТ 1125, ГОСТ 32945 бойынша жол белгілерімен және ҚР СТ 1124, ГОСТ 32953 бойынша жол таңбаларымен жабдықталады.

6.2.15 Маршруттық көлік құралдарының аялдама пункттерінің аумағы ағаштар мен бұталарды отырғызу, сондай-ақ өсімдіктермен қоршау және газон орнату арқылы көгалдандырылады.

6.2.16 Адам тікелей жанасатын павильондардың орындықтары мен арқалықтарын мұқият сүргіленген және қорғаныш лакпен немесе бояумен сырланған ағаштан жасау ұсынылады (басқа материалдарды да қолдануға рұқсат етіледі).

6.2.17 Отырғыштарды көлік күтетін павильонның қабырғасына немесе еденіне немесе қалқасына мықтап орнату ұсынылады. Көлікке отыратын алаңда әр 10 м-ге 1 орындық есебімен қосымша отырғыштар орналастыруға жол беріледі.

6.2.18 Аялдама сілтемелері (табличкалар) қозғалыс бағытының оң жағына тікелей жол белгісінің астына немесе арнайы немесе жарықтандыру тіректеріне, ғимараттардың қабырғаларына, павильондарға орналастырылатын кронштейндерге бекітіледі немесе жол жабынынан 1,5-3 метрге дейінгі биіктікте ілінеді.

6.2.19 Сілтеме табличкаларды орналастыру және бекіту тәсілі олардың көрінуін қамтамасыз етіп, қасынан өтіп бара жатқан көліктің зақымдамау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп таңдалуға тиіс.

6.2.20 Маршруттық көлік құралдарының аялдама пункттерінің элементтерін жарнама орналастыру үшін пайдалануға жол берілмейді.

6.3 Демалыс алаңдарын орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.3.1 Автомобиль жолындағы демалыс алаңы алып жатқан ауданы бойынша шағын (10-20 автомобиль, 5000 м²дейін) және үлкен (40 автомобильге дейін, 5000 м² астам) болып бөлінеді (В қосымшасын қараңыз).

6.3.2 Автомобиль жолдарындағы демалыс алаңдары 4-кестеге сәйкес қарастырылады.

Демалыс алаңдары арасындағы қашықтықты тиісті негіз болған жағдайда:

- автомобиль жолдарына іргелес аумақтардағы халық тығыздығы бір шақырымға 5 адамнан кем болса ұлғайтуға;

- 6.3.5-6.3.7 тармақтарда көрсетілген демалыс алаңдарын орналастыруды көбейтуге немесе азайтуға жол беріледі.

4-кесте

Демалыс алаңы	Автомобиль жолының санаты	Демалыс алаңдары арасындағы қашықтық, км
Үлкен	IA, IB	20-30
	II	30-40
Шағын	III	30-40
	IV	40-50

6.3.3 IA, IB санатты автомобиль жолдарында демалыс алаңдары жолдың екі жағына да орналастырылады. Демалыс алаңдарын жолдың екі жағына орналастырған жағдайда, олардың сыйымдылығы екі есе азайтылуы мүмкін.

6.3.4 Демалыс алаңдары елді мекендерден 1 км жақын емес жерге орналастырылады. Электр беру желісіне (ЭБЖ), жел-энергетикалық және шуыл шығаратын басқа да өнеркәсіптік қондырғыларға жақын демалыс алаңдарын салу ГОСТ 12.1.051 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

6.3.5 Қысқа мерзімді тоқтауға және демалуға арналған алаңдар жолдың түзу немесе радиусы 1000 м-ден асатын қисық (IA, IB санатты жолдар үшін) учаскелеріне қозғалыс барысында бірінші болып оң жақтағы алаң кездесетіндей етіп орналастырылады, бұл көлік ағынын кесіп өту қажеттілігіне жол бермейді. II-V санаттағы жолдар үшін [18] бойынша.

Демалыс алаңдары орналасатын жол учаскелерінің бойлық еңістері 40‰ (промилледен) аспауға тиіс, ал жолдан әр бағытта 450 м кем емес қашықтықты көру қамтамасыз етілуге тиіс. Екі жақтағы алаңдар көлік ағынын кесіп өту қажеттілігін болдырмау үшін бір-біріне қатысты симметриялы түрде және бірдей жабдықпен орналастырылуы мүмкін.

6.3.6 Әдетте демалыс алаңдары жер төсемінен тыс жерде орналасады. Алаңдардың барлығы жолдың көлік жүретін бөлігінің негізгі жолақтары жиектерінен 2,7 м кем емес және 150 метрден артық емес қашықтықта болуға тиіс. Алаңды жолдан мейлінше аз қашықтыққа орналастырған жағдайда, жиек тастармен қоршалған бөліп тұратын арал ұйымдастыру ұсынылады. Бұл ретте көлік жүретін бөлік жиегінен жиек тасқа дейінгі қашықтық IA - II санатты жолдар үшін 0,75 м және III санатты жолдар үшін 0,50 м кем болмауға тиіс.

6.3.7 Демалыс алаңдары, әдетте:

- су айдындарына (жағалау жолағын қоспағанда), тоғайлар, табиғи жағынан тартымды басқа да орындарға;

- тарихи және мәдени ескерткіштерге;

- көпшілікке арналған және қызмет көрсету пункттеріне (тамақтану орындары, мотельдер, кемпингтер, автожанармай құю станциялары, дүкендер және т.б.);

- болашақта жергілікті көрнекті орынға айналуы мүмкін ерекше жасанды құрылысжайларға жақын орналастырылады.

ҚР СТ 2476-2021

Демалыс алаңдарын оларда қозғалысқа қызмет көрсетуге және ақылы қызметтерді (тұрақ, күзетілетін тұрақ) ұйымдастыруға арналған құрылысжайларды орналастыру үшін пайдалануға жол берілмейді.

6.3.8 Жоспарлау шешімдері бойынша демалыс алаңдары:

- «қалта» типті – негізгі жолмен тоғысатын;
- «тұйық» типті – негізгі жолдан құлайтын және шығатын жолдары біріктірілген;
- «толассыз» типті – біржақты қозғалыспен негізгі жолға кіретін және шығатын болып бөлінеді.

6.3.9 Шағын демалыс орындарында:

- көлік қозғалысы аймағы: тежеу жолағы, кіреберіс, өту жолы, маневр жасауға арналған өту жолы, шығаберіс, үдету жолағы;
- тұрақ аймағы: жеңіл, жүк автомобильдері мен автобустар үшін бөлек;
- демалыс аймағы: отырғыштары бар үстелдер, павильондар немесе күркелер және т.б.;

- демалыс алаңын автомобиль жолының іргелес учаскесінен бөліп тұратын аймақ; алаңдағы және тұрақ аймақтарындағы көлік құралдарының өзара қозғалысын бөлуге арналған бағыттағыш аралдар; жаяу жүргіншілер жолдары мен тротуарлар;

- санитариялық аймақ (контейнер, қалдықтарға арналған жәшік, дәретхана) болады.

6.3.10 Үлкен алаңдарда:

- көлік қозғалысы аймағы: тежеу жолағы, кіреберіс, өту жолы, маневр жасауға арналған өту жолы, шығаберіс, үдету жолағы;
- тұрақ аймағы: жеңіл, жүк автомобильдері мен автобустар үшін бөлек;
- демалыс аймағы: отырғыштары бар үстелдер, ойын алаңы (балаларға арналған), қалқалар немесе күркелер және т.б.;

- демалыс алаңын қасындағы автомобиль жолынан бөліп тұратын аймақ; тұрақ аймақтарын, жаяу жүргіншілер жолдары мен тротуарларды шектегіш аралдар;

- санитариялық аймақ (дәретхана, контейнер, қалдықтарға арналған жәшік);

- басқа аумақтар (жасыл желектер және т.б.) болуға тиіс.

6.3.11 Барлық аймақтар бірыңғай технологиялық ретпен орналастырылады және бір-бірімен тиісті өту жолдарымен, кіреберістермен және жаяу жүргіншілер жолдарымен жалғасады.

6.3.12 Ойын алаңдары (балаларға арналған) жолдың көлік жүретін бөлігінен мейлінше алыс орналастырылады. Алаң аумағы айқын көрінуі, барлық периметрі бойынша биіктігі 0,8 м кем емес қоршауы және бір кіретін (шығатын) есігі болуға тиіс. Балалар алаңының қоршалған аумағына отыру үшін үстелдер мен отырғыштар орнатылады.

6.3.13 Алаңға кіретін және шығатын жердегі жолдың көлік жүретін бөлігінің ені 5,5 м кем емес белгіленеді.

6.3.14 Тұрақ орындары ауданындағы жеңіл автомобильдер үшін өту жолының ені 4,5 м кем емес болып белгіленеді.

6.3.15 Тұрақ орындары ауданында жүк автомобильдері мен автобустар үшін өту жолының ені 6,5 м кем емес көзделеді.

6.3.16 Тұрақ орындары ауданындағы жүк көлігі және жеңіл автомобильдер үшін бірге өту жолының ені 6,5 м кем емес болып белгіленеді.

6.3.17 IA-II санатты автомобиль жолдарында кірердегі бірінші көлденең қисықтың радиусы 125 м кем емес, кірердегі екінші (кері) қисық сызық әдетте 50 м, бірақ 30 м кем емес болып көзделеді.

6.3.18 IA-II санатты автомобиль жолдарында шығардағы көлденең қисықтардың радиусы 50 м кем болмауға тиіс.

6.3.19 Бір жолақты өту жолының көлік жүретін бөлігінің ені 4,5 м кем емес, екіжолақты болса, 6 м кем емес, жолдың дөңгеленген көлік жүретін бөлігінің ені шеңбер радиусына байланысты ұлғайтылады.

6.3.20 Жеңіл автомобильдер тұрағы аймағындағы демалыс алаңында мүгедек адамдар үшін ені 3,5 м және ұзындығы 8,0 м екі машина орны бөлінуге тиіс, шағын демалыс алаңында бір машина орнын бөлуге рұқсат етіледі.

6.3.21 Тұрақ алаңдарын жасыл желектермен көлеңке жасау үшін бірнеше бөліп тұратын аралдармен бөлуге болады. Бөліп тұратын аралдардағы жасыл желектердің ені 3 м кем болмауға тиіс.

6.3.22 Тұрақ аймағы үшін қатты жабын қарастырылады. Тұрақтардағы жол төсемінің конструкциясы негізгі жол үшін қабылданған материалдардан жасалуға тиіс. Жол төсемі қабаттарының қалыңдығы есептеу арқылы анықталады. Жол төсемі мен жабын плиталардың икемділігінің талап етілетін модулі автомобиль жолының осы санаты үшін белгіленген төменгі шектерде қарастырылады.

Нақты геометриялық шешім жасау үшін жабынның жиегі бойымен төмен бордюр орнату ұсынылады.

6.3.23 Демалыс аймағын тұрақ аймағынан 10 м артық емес қашықтықта орналастырады. Демалыс аймағы алаңының жабыны (монолитті материал немесе плитка төселген) жаяу жүргіншілерге ыңғайлы болуға тиіс.

6.3.24 Қоқыс жәшіктері тұрақ, сервис және демалыс аймақтарына қойылады. Жабылатын қақпағы бар контейнерлер қоқыс шығаруға ыңғайлы кіреберісі бар қалдықтарды жинауға арналған санитариялық аймақта орнатылады.

6.3.25 Санитариялық аймақ негізгі жол мен демалыс аймағы жағынан көрсетілмеуге тиіс, оны белгілеу үшін ақпараттық сілтеме-табличкалар орнатылады. Демалыс аймағынан санитариялық аймаққа дейінгі қашықтық 15 м кем болмауға тиіс.

6.3.26 Демалыс алаңдары әдетте дәретханалармен жабдықталады.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарындағы барлық сыныпты жол бойындағы сервис объектілерінің құрамына кіретін демалыс алаңдары абаттандырылған және жол бойындағы дәретханалармен, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жол қозғалысы қатысушылары үшін жеке кабиналармен жабдықталады. Дәретхананың құрылысы, жабдығы және оны күтіп-ұстау белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

6.3.27 Демалыс алаңдарын жобалау кезінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи су бұруды орналастыру жөніндегі іс-шаралар қарастырылады.

Демалыс алаңдарын ернеулер ішіне, су объектілерінің қорғалатын аймағына салу кезде жауын-шашын кәрізі мен тазарту құрылғылары орнатылады, сондай-ақ оларға резеңке бөлшектері, май және т.б. түсуіне жол бермейтін жоспарлау және конструкциялау іс-шаралары жүргізіледі.


6.3.28 Демалыс алаңдары көгалдандырылады және ІА, ІБ және ІІ санатты жолдардың жиегінен ені 10 м кем емес және алаңнан кіреберістерде бүйірден көру нормативтерін қамтамасыз ете отырып, ІІІ санатты жолдардың жиегінен 4 м кем емес жасыл аймақпен бөлінеді.

6.3.29 Жүк және жеңіл көліктерге арналған тұрақ аймақтарының шегі ажыратылып, көлік құралдарының әрбір типі үшін уақытша тұруға арналған тиісті алаңға бөлек кіреберістің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

6.3.30 Кез келген көлік құралын қоюға арналған тұрақтары бар демалыс алаңдары, әдетте, қиғаш (45° бұрышпен) тұрақ орындары түрінде орналастырылады. Автобустарға арналған тұрақ орындарының ара тәрізді орналасуы (1-суретті қараңыз). Жеңіл автомобильдерді тұраққа ерекше жағдайларда ғана көлденеңінен қоюға жол беріледі. Автотұрақтың шекаралары айқын және жақсы көрінетін болуы керек. Тұрақ тар болған жағдайларда оның алаңдарын үнемдеу немесе көлік құралдарының қауіпсіздігін арттыру

ҚР СТ 2476-2021

үшін бойлық тұрақ орындарын пайдалануға жол беріледі (мысалы, автобустардың немесе тіркемелері бар жеңіл автомобильдердің (кемперлердің) қысқа мерзімді тұрағы үшін бірнеше бөлек тұрақ орындары бөлінуі мүмкін).




1-сурет - Автобустарға арналған тұрақ орындарының ара тәрізді орналасуы

6.3.31 Тұрақ орнының өлшемдері 5-кестеде келтірілді (2-суретті қараңыз). Егер бір көлікті қою алаңы әртүрлі көлік түрлерінің тұрағы үшін пайдаланылатын болса, тұрақ орнының көлемі ең ірі көлік құралына сәйкес келуге тиіс.

5-кесте – Тұрақ орындарының өлшемдері

Тұрақ орнының арналған мақсаты		Тұрақ орнының параметрі, м		
		ені А	тереңдігі Б	ұзындығы В
Жеңіл автокөлік	қиғаш	2,50	5,500	5,25
	бойлық	2,50		6,00
Жүк автокөлігі	қиғаш	3,50	18,00	21,95
	бойлық	3,50		25,00
Автобус	қиғаш	4,00	14,00	15,80
	бойлық	3,50		20,00
Тіркемесі бар жеңіл автокөлік	қиғаш	3,50	14,00	16,30
	бойлық	3,50		20,00

6.3.32 Егер қозғалыс жолағы бір жағынан жүк көлігі мен автобустарды қоюға арналған қиғаш орындары бар тұрақ аймағымен жабдықталған болса, жолақтың қарама-қарсы жағында жолақ шетінен 1 м қашықтықта қандай да бір қатты кедергілер болмауға тиіс (бұл автобустардың артқы бөлігінің қозғалыс траекториясы ерекшеліктеріне және тіркемелері бар ершікті тартқыштарға байланысты). Жүк көлігіне, автобустар және тіркемелері бар жеңіл автомобильдерге арналған бойлық тұрақ орындары үшін де осыған ұқсас ереже қолданылады. Тереңдігі 14 м автобустарға арналған қиғаш тұрақ орындарын жеңіл көлікке арналған тұрақ орындарына (бойлық немесе қиғаш) қарама-қарсы орналастыруға болмайды. Бұл ереже ені 1 м кем емес буферлік жолақпен жабдықталған және айырым сызықтары бұл жолақты көлікті қою орны ретінде пайдалануға мүмкіндік бермейтін тұрақ орындарына қолданылмайды (2-суретті қараңыз).



2-сурет -Буферлік жолақ (бұл жағдайда жеңіл автокөлікке арналған қисық бұрышты тұрақ орындарын автобустарға арналған тұрақ орындарынан бөліп тұрады)

6.3.33 Жүк автокөліктерінің тұрақ орындарын кабина тас жолға қарайтындай етіп жоспарлайды (В қосымшасын қараңыз).

6.3.34 Алаңдардың сыйымдылығы 6-кестеде қарастырылған нормаларға сәйкес келуге тиіс.

6.3.35 Жақсы көрінуді қамтамасыз ету үшін тұрақ орындарымен жабдықталған қозғалыс жолақтары барынша түзу болуға тиіс. Егер жеңіл автомобильдерге арналған қиғаш тұрақ орындары бар қозғалыс жолағының бұрылысы көрінуді қиындатса, тұрақ орындары қозғалыс жолағынан ені 1 м кем емес буферлік жолақпен бөлінеді, бұл көрінудің жеткіліксіздігінен туындайтын тәуекелдерді өтейді.

6.3.36 Қозғалыс жолағының сол жағында орналасқан жүк көлігіне арналған көлбеу тұрақ орындары бар қозғалыс жолақтарын көліктің, әсіресе жеңіл көліктің толассыз жүрісі үшін пайдалануға болмайды.


6-кесте – Алаңдардың сыйымдылығы

Ғимараттар мен құрылысжайлар	Есептеу бірлігі	Есептеу бірлігінің келесі санына бір машина орны
Сауда орталықтары, әмбебап дүкендер, сауда залдары бар дүкендер:	1 м ² сауда алаңы	
1000 м ² дейін		30-50*
1000 м ² артық		15-25
Базарлар	Сауда орындары	3-6
Мейрамханалар мен кафелер	Отыратын орындар	6-12
Кинотеатрлар, мұражайлар, көрмелер	Көрермендер орындары	5-7
Сыйымдылығы 500 көрерменге арналған мінбелері бар спорт ғимараттары мен құрылысжайлары	Көрермендер орындары	10-30
Техникалық қызмет көрсету станциялары, автомобиль көлігін жуу пункттері	Пункттер	1-2
Мотельдер, кемпингтер	Жатын орындар	2-4

* Қозғалыс қарқындылығы жоғары болған кезде есептеу бірліктерінің саны аз болады.

ҚР СТ 2476-2021

6.3.37 Автомобильдердің қиғаш тұрақ орындарын жиек тастың көмегімен жасыл желектермен 5-7 ұяшықтан тұратын топтарға бөлу ұсынылады. Жүк көліктеріне арналған тұрақ орындарын 6-10 ұяшықтан топтастыру ұсынылады. Тұрақ орындарының араларындағы жасыл желекті аралдар мүмкіндігінше тұрақ орындарын механикалық тазартуды қиындататын өткір бұрыштар болмайтындай етіп жабдықталуға тиіс (3-суретті қараңыз).



3-сурет – Тұрақ орындарының арасындағы жасыл желекті аралдар

6.3.44 Жол бойындағы сервис және жол қызметі объектілері жеңіл автомобильдерді қоятын әр он орынға сейілге арналған бір үстел есебімен ас ішетін үстелдермен (сейіл жасауға арналған) қамтамасыз етеді.

6.3.38 Абаттандырылған дәретхана ғимаратын, әдетте, тұрақ орнынан ғимаратқа дейін ең қысқа жолмен жету үшін демалыс алаңының санитариялық аймағының орталығына орналастыру жоспарланады.

Дәретхана ғимараты жол қозғалысы қатысушыларына айқын көрініп тұруға тиіс.

Дәретхана автомобильдерге арналған тұрақтардың орналасуына қарай жүріс барысында демалыс алаңының басына немесе соңына орналастырылады. Абаттандырылған дәретхана басқа функциялық құрылысжайлармен біріктірілген болуы мүмкін.

6.3.39 Абаттандырылған дәретханада:

- әрбір 9 тұрақ орнына бір әйел дәретханасы (кабина), бірақ 3 кем емес;
- әрбір 14 тұрақ орнына бір ерлер дәретханасы (кабина), 2 кем емес;
- әрбір 11 тұрақ орнына бір писсуар;
- дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған жеке орын-жай (кабина);
- баланы құндақтауға арналған үстел, себезгі.

Көрсетілген ең төменгі мәндер объектіні жаңадан салу, сондай-ақ оны қайта құру кезінде де қолданылады.

6.3.40 Абаттандырылған дәретхана ғимараттары пайдалануға ыңғайлы, вандализм актілеріне төзімді болуға тиіс. Абаттандырылған дәретханадағы техникалық жабдық (унитаздың шайылуы, қол жуғыштағы су араластырғыш, сұйық сабын мөлшерлегіші, электр қол кептіргіш, қағаз сүлгілер ұстағышы және т.б.) құрамында иінтірекпен немесе күшпен басылатын су құбыры крандары немесе қосу-өшірудің жанасымсыз құрылғысы болуға тиіс [3].

6.3.43 Бөлек тұрған дәретхана ғимараттарын аласа бұта көшеттерін отырғызу арқылы қоршау ұсынылады.


Дәретхана ғимаратына техникалық қызмет көрсететін автомобильдердің жақындауы қамтамасыз етіледі.

6.4 Жол бойындағы сервис объектілерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.4.1 Автомобиль жолдарының жол бойындағы сервис объектілері арасындағы рұқсат етілген қашықтық А қосымшасына сәйкес белгіленеді.

6.4.2 Барлық сыныпты жол бойындағы сервис объектілері өтпелі-жылдамдық жолақтарымен және тиісті кіреберістермен қамтамасыз етілуге тиіс. Жол төсемінің конструкциясы мен типі өтпелі-жылдамдық жолақтарында, жол сервисі объектілеріне кіретін жерлерде, сондай-ақ дөңгелектелген радиус шегіндегі қосылған жерлерде жол бойындағы сервис объектісі орналасқан автомобиль жолының жол төсемінің конструкциясы мен түріне ұқсас болуға тиіс.

6.4.3 Жол бойындағы сервис объектілерінің аумағында автомобильдер тұрағы аймағында дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған тұрақ орындары ғимаратқа (дәретхана, тамақтану және сауда пункті және т.б.) мейлінше жақын орналасуы және ҚР СТ 1412 бойынша 1.24.3 көлденең сызықтармен таңбалануға тиіс.



4-сурет - Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған тұрақ орындарын орналастыру үлгісі

6.4.4 Автомобиль жолдарындағы әртүрлі деңгейдегі қиылысулар мен қосылулар және жол бойындағы сервис объектілері арасындағы қашықтық олардың өтпелі-жылдамдықты жолақтары арасында 600 м кем емес болуға тиіс (Г қосымшасын қараңыз).

6.4.5 Автомобиль жолы мен автомобиль жолы бойындағы сервис объектісіне кіретін (шығатын) өтпелі-жылдамдықты жолақтың қиылысатын және қосылатын жерлері арасындағы қашықтық 250 м кем болмауға тиіс, бұл үшін тікелей объектіге кіретін жолға 150 м қалғанда, сондай-ақ объекіден шыққаннан кейін осындай қашықтықта қозғалыс бағытының ұқсас сілтемесі орнатылуға тиіс (Г қосымшасын қараңыз).

6.4.6 Объектіні инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің техникалық шарттарында кейін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін жол бойындағы сервис объектілерін орналастыруға қойылатын мынадай жалпы талаптар қамтылуға тиіс:

- жол бойындағы сервис объектілерін орналастыру кезінде автомобиль жолдарының көрінуін және (немесе) оларды пайдалану жағдайларын, олардың өткізу қабілетін және

ҚР СТ 2476-2021

жол жүрісі қауіпсіздігінің басқа да жағдайларын нашарлатуға, сондай-ақ халыққа қолайсыздық туғызуға, экологиялық және санитариялық жағдайды нашарлатуға жол берілмейді;

- IA-II санаттағы автомобиль жолдарында қозғалыстың қарама-қарсы бағыттары арасындағы бөлу жолағында, әдетте, жол қоршауын орната отырып, жол бойындағы сервис объектілерін екі жаққа орналастыру көзделеді;

- IA-II санатты автомобиль жолдарында қозғалыстың қарама-қарсы бағыттары арасындағы бөлу жолағында жол қоршауын орната отырып, объектіге іргелес жатқан автомобиль жолының учаскесін өтпелі-жылдамдықты жолақтар шегінде міндетті жарықтандыру көзделеді;

- IA-II санатты автомобиль жолдарында қозғалыстың қарама-қарсы бағыттары арасындағы бөлу жолағында жол қоршауын орната отырып, жаңадан салынып жатқан жол бойындағы сервис объектілері үшін жаяу жүргіншілер өткелдерін автомобиль жолымен бір деңгейде орнатуға жол берілмейді;

- қарама-қарсы қозғалыс бағыттарының арасында бөлу жолағы жоқ автомобиль жолдарында автомобиль жолының объектіге іргелес учаскесін объектінің екі жағынан 75 м кем емес қашықтықта міндетті жарықтандыру көзделеді;

- жол бойындағы сервис объектілері тәуліктің қараңғы уақытында көрінетін объект атауы жазылған ақпараттық панно-жарық сілтемелермен жабдықталады;

- жол бойындағы сервис объектілері автомобиль тұрақтарымен, қоқысқа арналған контейнерлермен, электрмен, сумен, кәрізбен және жарықпен қамтамасыз етілуге тиіс;

- жол бойындағы сервис объектілері энергиямен және сумен жабдықтау тиімділігін арттыратын энергияның баламалы түрлерін (жел қондырғылары, күн батареялары, жердің жылуы) пайдалануы мүмкін. Жол сервисі объектісінің ғимараттары мен құрылысжайларын экологиялық қауіпсіз материалдардан салу ұсынылады [3].

- жол бойындағы сервис объектілері дене мүмкіндіктері шектеулі адам басқаратын немесе осындай адамды тасымалдайтын автокөлік құралының тұрағы үшін арнайы белгіленген тұрақ орындарымен жабдықталуға тиіс;

- жол бойындағы сервис объектісінің аумағында дене мүмкіндіктері шектеулі адамдардың кедергісіз жүріп-тұруы, сондай-ақ олардың ғимараттар мен құрылысжайларға кіруі және осы объектілердің ішінде жүріп-тұруы қамтамасыз етіледі;

- жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жол бойындағы сервис объектілері жылытылатын үлгідегі санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен жабдықталуға тиіс;

- терең құйылған (стационарлық) іргетастары бар жол бойындағы сервис объектілері Ұлттық автомобиль жолдарын басқару операторымен келісілгеннен кейін автомобиль жолдарының көлік жүретін бөлігінің жиегінен 50 м кем емес қашықтықта орналастырылады;

- объектіні сүрмей жүзеге асырылатын жол бойындағы сервис объектілерін реконструкциялау кезінде қашықтығы қолданыстағы ғимараттар мен құрылысжайлардан жолдың көлік жүретін бөлігінің шетіне дейінгі қазіргі қашықтықтан жақын болмайтын болса, жаңадан салынатын ғимараттар мен үй-жайларды көлік жүретін жол бөлігінің шетінен 50 м кем емес қашықтықта орналастыруға болады;

- Ұлттық автомобиль жолдарын басқару операторымен келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес барлық санаттар үшін автожанармай құю немесе автомобильге газ толтыру станциялары мен олардың конструкциялық элементтері жер төсемінің жиегінен 25 м кем емес қашықтықта жобаланып, орналастырылады;

- елді мекендер шегінде барлық санаттағы жол бойындағы сервис объектілері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес автомобиль жолдарының көлік жүретін бөлігінің жиегінен 25 м кем емес қашықтықта жобаланып, орналастырылады;

- Егер жол бойындағы сервис объектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес келмесе, Ұлттық автомобиль жолдарын басқару операторы жол бойындағы сервис объектісін орналастыруға келісім беруден бас тартуға құқылы. Бұл ретте Ұлттық автомобиль жолдарын басқару операторы 15 жұмыс күні ішінде орын алған бұзушылықтар туралы шаруашылық субъектісін жазбаша түрде хабардар етуге және оларды жою жөнінде ұсынымдар беруге міндетті;

- мәдени ескерткіштерді ІА-ІІІ санатты автомобиль жолдарының жер төсемінің жар жиегінен 100 м кем емес және ІV-V санатты жолдардың жер төсемінің жар жиегінен 50 м кем емес қашықтықта орналастыруға жол беріледі;

- автомобиль жолдары бойында инженерлік коммуникациялар елді мекендердегі жер төсемінің жар жиегінен 25 м кем емес және олардың шегінен тыс жерлерде 50 м кем емес қашықтықта тартылуға тиіс;

- жол бойындағы сервис объектілеріне, олардың аумақтарына әкелетін жолдар, сондай-ақ автомобиль жолдарының объектілері мен олардың іргелес учаскелері ҚР СТ 1412 талаптарына сәйкес тұрғызылады және жол жүрісін ұйымдастырудың қажетті техникалық құралдарымен жабдықталады.

6.4.7 Жол бойындағы сервис объектісі алаңының жоспарлы шешімі жолдар жүйесін қайта жоспарлаусыз және ғимараттар мен құрылысжайларды көшірмей, қозғалыс жолақтары санын ұлғайта отырып, автомобиль жолын реконструкциялау мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

6.4.8 Жол бойындағы сервис объектісі алаңының және оның құлама жолдарының бойлық еңісі жолдан қарама-қарсы жаққа бағытталуға тиіс. Объект аумағының бетіндегі және тазартылған су ағындарын автомобиль жолының су бұру құрылғыларына ағызуға жол берілмейді.

6.4.9 Жол бойындағы сервис объектілерін орналастыру алаңының орналасқан жері салынып жатқан ғимараттың атқаратын мақсатына сәйкес келуге, ал өлшемі мен конфигурациясы барлық негізгі және қосалқы үй-жайлар, жабдықтар, технологиялық желілер, тежеу және үдету жолақтарын қоса алғанда, алаң ішімен және жолдан өту жолдарын, сондай-ақ перспективалық кеңейту мүмкіндігін (Д қосымшасын қараңыз) орналастыруды қамтамасыз етуге тиіс.

6.4.10 Жол бойындағы сервис объектісінің ішінде бірінен кейін бірі орналасқан кіреберіс пен шығаберіс арасындағы қашықтық жол қозғалысына қатысушылар еркін бағдарлануы үшін жеткілікті ұзындықта болуға тиіс (5-суретті қараңыз).

6.4.11 «А» және «В» сыныпты жол бойындағы сервис объектілерін орналастыру кезінде «май құю-тұрақ-демалыс (тамақтану)» басымдығы сақталуға тиіс.

Жанармай құю немесе автомобильге газ толтыру станциясы көлік жолы бойындағы жүріс барысы бойынша жол бойындағы сервис объектісінің бас жағына орналастырылады. Объект аумағы бойынша көлік қозғалысы, әдетте бір бағытта жүзеге асырылады (Д қосымшасын қараңыз).

6.4.12 Жол бойындағы сервис объектілерін көлік жолайрықтары шегінде орналастыруға, сондай-ақ олардың аумағында өтпелі-жылдамдық жолақтарынан және көлік жолайрықтарының жалғайтын тармақтарынан кіретін жерлерді ұйымдастыруға жол берілмейді.

6.5 Күзетілетін тұрақтарды орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.5.1 50 және одан да көп автомобильді сыйғыза алатын, күзетілетін тұрақтарда бір-бірінен 15 м кем емес қашықтықта бөлек кіреберіс пен шығаберіс болуға тиіс,

ҚР СТ 2476-2021

сыйымдылығы аз болған жағдайда ені 6 м кем емес біріктірілген кіреберіс пен шығаберіс болуы мүмкін.

6.5.2 Күзетілетін тұрақ шлагбаумдарының алдына ұзындығы 12 м кем емес, сыйымдылығы 100 автомобильден артық және сыйымдылығы 6 м кем емес жинақтау алаңдары орнатылады. Күзетілетін тұраққа жүк автомобильдері мен автопойыздар қойылған жағдайда 24 м кем болмауға тиіс.

6.5.3 Шағын, үлкен, орташа өзендер мен су қоймаларының су қорғау аймақтары шегінде күзетілетін тұрақтарды экологиялық негіздемесіз және уәкілетті органның рұқсатынсыз орналастыруға тыйым салынады.

6.5.4 Сыйымдылығы 100 автомобильден асатын күзетілетін тұрақтарды орналастыру кезінде аумақтан жаңбыр суын жинауға арналған дренаж қарастырылады.

6.5.5 Күзетілетін тұрақтарды салу кезінде аумақты көгалдандыру, абаттандыру және санитариялық аймақ орнату жөніндегі іс-шаралар көзделеді.

6.5.6 Күзетілетін тұрақ аумағы қоршалған және жарықтандырылған болуға тиіс, бетон ернеуге тірелетін қатты жабыны болуға тиіс, оператор кабинасы бейнебақылау құралдарымен жабдықталады.

6.5.7 Күзетілетін жүк автомобильдері тұрағының аумағында рефрижераторлардың тоңазытқыш қондырғыларын қосуға арналған электр қалқаны болуға тиіс.

6.5.8 Күзетілетін тұрақта техникалық қызмет көрсету станциясы, жанармай құю станциясы, автомобиль көлігін жуу пункті және көлік құралдарына қызмет көрсетуге арналған өзге де ғимараттар болады.

6.6 Техникалық қызмет көрсету станцияларын орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.6.1 Техникалық қызмет көрсету станциялары ГОСТ 12.1.004, ГОСТ 12.1.051, ГОСТ 12.1.007, ҚР СТ 1174 талаптарын, сондай-ақ [4], [6], [7], [8], [20] және т.б. нормаларын сақтай отырып жобаланады.

6.6.2 Техникалық қызмет көрсету станциясының аумағына кірер алдында техникалық қызмет көрсету станциясына келетін көлік құралдарының бір сағаттағы ең көп саны 10% кем емес сыйымдылыққа ие, бірақ әр бекетте кемінде үш машина сыятын орны бар жинақтау алаңының болуы көзделеді.

6.6.3 Аумағында 8 немесе одан көп бекет орналасқан техникалық қызмет көрсету станциясында көлік құралдары қарама-қарсы және қиылысатын ағындарсыз бір бағытта қозғалатын болады.

6.6.4 ТҚС арасындағы ең үлкен қашықтық, бекеттердің ең аз саны 7-кестеге сәйкес белгіленеді.

6.6.5 Жол бойындағы ТҚС жанында жанармай құю станциялары мен автомобиль көлігін жуу пункттері орналастырылуы мүмкін.

7-кесте -Автомобиль жолдарындағы техникалық қызмет көрсету станцияларының сыйымдылығын анықтау нормативтері

Қозғалыс қарқындылығы, авт/ тәулік	ТҚС арасындағы қашықтыққа байланысты бекеттердің ең аз саны, км					ТҚС орналастыру
	80	100	150	200	250	
1000 дейін	1	1	1	2	3	Біржақты
1001-2000	1	2	2	3	3	
2001-3000	2	2	3	3	5	

7-кестенің жалғасы – Автомобиль жолдарындағы техникалық қызмет көрсету станцияларының сыйымдылығын анықтау нормативтері

Қозғалыс қарқындылығы, авт/тәулік	ТҚС арасындағы қашықтыққа байланысты бекеттердің ең аз саны, км					ТҚС орналастыру
	80	100	150	200	250	
3001-4000	3	3	4	4	6	Екіжақты
	2	2	2	2	3	
4001-6000	2	2	3	3	3	Екіжақты
6001-8000	2	3	3	3	5	
8001-10000	3	3	3	5	5	
10001-15000	5	5	5	8	8	
15001-20000	5	5	8	арнайы есептеу бойынша		
20000 астам	8	8	арнайы есептеу бойынша			

6.6.6 ТҚС учаскелерінің шекарасынан тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың терезелеріне дейінгі, сондай-ақ мектептердің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің және стационарлық үлгідегі емдеу мекемелерінің жер учаскелерінің шекарасына дейінгі қашықтық 8-кестеге сәйкес белгіленеді.

8-кесте -ТҚС учаскелерінің шекарасынан есептелетін қашықтықтар

Өзіне дейінгі қашықтық анықталатын ғимараттар	Төмендегі бекет саны кезіндегі ТҚС-дан есептелетін қашықтық, м	
	10 және одан аз	11-30*
Тұрғын үйлер (оның ішінде терезелері жоқ тұрғын үйлердің шеттері)	25	50
Қоғамдық ғимараттар	25	50
Жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі балалар мекемелері	50	**
Стационары бар емдеу мекемелері	50	**

* Қашықтық санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз ету құзыретіне кіретін мемлекеттік органдармен келісім бойынша айқындалады, бірақ тұрғын үйлерден 100 м кем болмауға тиіс.

** Қашықтық санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз ету құзыретіне кіретін мемлекеттік органдармен келісу бойынша айқындалады.

6.7 Автомобиль көлігін жуу пункттерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.7.1 Автомобиль көлігін жуу пункттері ГОСТ 12.1.004, ГОСТ 12.1.051, ГОСТ 12.1.007, ҚР СТ 1174 талаптарын, сондай-ақ [4], [6], [7], [8], [20] және т.б. нормаларын сақтай отырып жобаланады.

6.7.2 Автомобиль көлігін жуу пункттері техникалық қызмет көрсету станциялары мен бекеттерінің құрамында, сондай-ақ бөлек салынуы мүмкін.

6.7.3 Көлік құралын жуу көлік құралын ластанудан тазартуды қамтамасыз ететін өнеркәсіптік үлгіде дайындалған жуу қондырғысының (машинаның) көмегімен немесе қолмен жүргізілуіне тиіс.

6.7.4 Автомобиль көлігін жуу пункттері ағынды суларды тазарту жүйесімен жабдықталуға тиіс.

6.7.5 Жуу орындарының саны 5-ке толмайтын жеңіл автомобильдерді жуу пункттерінің санитариялық-қорғау аймағы 50 м-ге, жүк автомобильдері үшін 100 м-ге тең болуға тиіс.

ҚР СТ 2476-2021

6.8 Мотельдер мен кемпингтерді орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.8.1 Мотельдер мен кемпингтер [4], [6], [7], [8], [10], [11], [12], [13], [18], [20] және т.б. талаптарға сәйкес жобаланады.

6.8.2 Мотельдер мен кемпингтер жолдарда бір-бірінен 500 км артық емес қашықтықта орналастырылады.

6.8.3 Мотельдер мен кемпингтердің жиынтық сыйымдылығы (жатын орындар саны) жолмен өтетін автотуристердің санын, қалааралық және халықаралық тасымал автомобильдерінің қозғалыс қарқындылығын ескере отырып көзделеді.

Караванинг орналастыру үшін кемпинг алаңында жүріс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, бөлек орындар көзделеді.

6.8.4 Мотельдегі қызметтердің, инженерлік жүйелер мен жабдықтардың ең төменгі тізбесі:

- ыстық және салқын сумен жабдықтау (тәулік бойы); сумен жабдықтауда іркіліс орын алған аудандарда су қорының кемінде бір тәулікке жететін ең аз су қорына арналған ыдыс болуы қажет;

- кәріз;

- тұрғын және қоғамдық үй-жайларда 18,5°С-тан төмен емес температураны ұстап тұратын жылыту жүйесі;

- ауаның қалыпты айналымын қамтамасыз ететін және бөлмелер мен қоғамдық үй-жайларға бөтен иістердің кіруін болдырмайтын желдеткіш (табиғи немесе мәжбүрлі);

- телефон байланысы;

- бөлмелердегі жарықтандыру: табиғи, бір терезеден кем емес;

- қыздыру шамдары кезінде жарықты қамтамасыз ететін 100 лк, люминесцентті шамдар кезінде - 200 лк жасанды жарықтандыру; дәліздерде - тәулік бойы табиғи немесе жасанды жарықтандыру.

6.8.5 Кемпинг есептелген туристердің ең көп санына байланысты бір тәуліктен кем емес уақытқа жететін ауыз судың ең аз қорымен қамтамасыз етілуге тиіс және автомобиль жолын пайдаланушыларға электр қуатына қосылу мүмкіндігімен қамтамасыз етілуге тиіс.

6.8.6 Түнеуге арналған орналастыру орындарында әдеттегі және төтенше жағдайларда еркін бағдарлауды қамтамасыз ету үшін авариялық шығу есіктері, баспалдақтар, айқын көрінетін ақпарат сілтемелер болуға тиіс.

6.8.7 Мотельдер мен кемпингтерді орналастыруға арналған барлық учаскелер қолайлы табиғи-ландшафтық және санитариялық-гигиеналық жағдайларға ие болуға, ауа бассейнінің, су айдындары мен өсімдіктердің ластану аймағынан тыс орналасуға тиіс.

6.9 Қоғамдық тамақтану және сауда пункттерін орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.9.1 Қоғамдық тамақтану және сауда пункттері тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда [1], қоғамдық тамақтану [2] объектілеріне қойылатын, ҚР СТ 1756 талаптарын, сондай-ақ [4], [6], [7], [12], [14], [20] және т.б. нормаларын сақтай отырып жобаланады.

6.10 Автожанармай құю станцияларын орналастыруға және жайластыруға қойылатын талаптар

6.10.1 Жолдардағы автомобильге автожанармай құю станциялары (АЖС, МАЖС), автомобильге газ толтыру станциялары (АГТКС), сондай-ақ криогенді автожанармай құю станциялары (КриоАЖС) және көпотынды АЖС (МАЖС) ГОСТ 12.1.004, ГОСТ 12.1.051, ГОСТ 12.1.007 талаптары, [4], [6], [15], [19], [20] нормалары және техникалық-экономикалық есептеу негізінде орналастырылады.

6.10.2 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) жобалау кезінде белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген отынды қабылдау, сақтау және беруге арналған технологиялық жүйелер көзделеді.

6.10.3 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) ең төменгі қуаты (тәулігіне жанармай құю саны) автомобиль жолдарындағы жүріс қарқындылығына байланысты 9-кесте бойынша көзделеді.

9-кесте – Автомобиль жолдарындағы АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) сыйымдылығын анықтауға арналған нормативтер

Қозғалыс қарқындылығы, авт/ тәулік	АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) қуаттылығы, тәулігіне май құю	АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) орналастыру
1000 жоғары 2000 дейін	250	Біржақты
2000 жоғары 3000 дейін	500	
3000 жоғары 5000 дейін	750	
5000 жоғары 7000 дейін	750	Екіжақты
7000 жоғары 20000 дейін	1000	
20000 жоғары	1000	
Ескертпе – АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) қиылысу аймағында орналасқан жағдайда оның қуаты барлық қызмет көрсетілетін іргелес жолдардың ұзындығын, қозғалыс қарқындылығын және осы учаскелердегі басқа да есептік көрсеткіштерді ескере отырып айқындалуға тиіс.		

6.10.4 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) жол бойындағы жолақтарда еңісі 40% (промилледен) аспайтын, жоспардағы радиусы 1000 м астам, бойлық нобайдағы радиусы 10000 м асатын қисық сызық бойымен, темір жол өткелдері мен тоннельдерден 250 м қашықтағы, биіктігі 2 м аспайтын үймелері бар учаскелердегі көпір өткелдерінен 1000 м қашықтағы жол учаскелеріне орналастырылады.

6.10.5 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, жалпы білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың, стационары бар емдеу мекемелерінің жер учаскелерінің шекарасына дейінгі немесе тұрғын үй, қоғамдық ғимараттар мен құрылысжайлардың қабырғаларына дейінгі қашықтық [20] талаптарға сәйкес келуге тиіс.

6.10.6 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) отырғызу алаңдарынан, жерүсті жолаушылар көлігінің бұрылу және тұру-бұрылу алаңдарынан, жаяу жүргіншілер өткелдерінен 25 м кем емес қашықтықта орналастыруға тыйым салынады.

6.10.7 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) жол бойындағы сервистің бір объектісінің аумағында болуы мүмкін бөлек алаңдарда орналастырылады.

6.10.8 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) үшін кіреберіс пен шығаберіс бөлек орналастырылады.

6.10.9 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) осындай АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) қатарына жатпайтын ғимараттар мен құрылысжайлар басымдықпен соғатын жел бағытының ық жағында (жылдық «жел шеңбері» бойынша) орналастырылады.

6.10.10 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) аумағында қажет болған жағдайда қоршау ауа өткізетін және жанбайтын материалдардан жасалған болуға тиіс.

6.10.11 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) аумағында көлік құралдарының біржақты қозғалуға тиіс, АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) аумағына кіру және шығу бөлек ұйымдастырылып, жанармай құю станциялары дене мүмкіндіктері шектеулі адам басқаратын немесе осындай адамды тасымалдайтын автокөлік құралына жанармай құюға көмек көрсету үшін операторды шақыру құрылғысымен жабдықталуға тиіс.

ҚР СТ 2476-2021

6.10.12 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) аумағында көгалдандыру үшін ағаштар мен бұталарды пайдалану ұсынылады.

6.10.13 IА - II санатты жолдарға салынатын АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) мүмкіндігінше автомобиль жолдарын пайдаланушыларға қызмет көрсету деңгейін перспективалық дамыту үшін үлкен демалыс алаңдарында орналастырылуға тиіс.

6.10.14 IА-II санатты автомобиль жолдарында АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) орналастырудың екіжақты нұсқасы, III және IV санатты автомобиль жолдарында біржақты нұсқасы қолданылады.

6.10.15 АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) «А» сыныпты жол бойындағы сервис құрамында орналастыру кезінде АЖС (АГТКС, КривоАЖС, МАЖС) аумағынан жалпы «толассыз» жолға шығатын жер демалыс алаңына кіру радиусының басынан 20 м кем емес қашықтықта болуға тиіс.

6.10.16 Жол төсемінің конструкциясы мен типі өтпелі-жылдамдық жолақтарында және дөңгелектелген радиус шегіндегі қосылған жерлерде объект орналасқан автомобиль жолының жол төсемінің конструкциясы мен түріне ұқсас болуға тиіс. Объектінің жоспарлау шешімі көлік құралдары жүргізушілері үшін көзбен шолып бағдарлаудың оңай болуын, жол белгілерінің жақсы көрінуін және тарату колонкаларына кіретін жерлер туралы уақтылы ақпаратты, мұнай өнімдерінің түрлері мен құны туралы ақпаратты (жарық таблосы) қамтамасыз етуге тиіс.

6.10.17 Жеңіл және жүк автокөліктеріне май құюға арналған орындар көлік құралының жол қиылыстарынан өтпей, жанармай құю станциясының артындағы тұрақ үшін тиісті орынға кедергісіз кіретіндей етіп орналастырылады.

6.10.18 Тамақтану пунктiмен бiрге тұрғызылған жанармай құю станциялары (ықшамды орналасу) негiзгi объектiлерден (орналастыру бекетi, тамақтану және сауда бекетi және т.б.) [20] қашықта орналастырылады.

6.10.19 Май құюға арналған орындар транзиттік көліктер жүретін жолақтан немесе май құю станциясын айналып өтуге арналған жолақтан тиісті ені сақталған жол қоршауларымен немесе конструкциялық түрде бөлінген бағыттағыш аралдармен бөлініп тұруға тиіс, оларда автожанармай құю станциясының жабдығын, сілтемелерді және т.б. орналастыру, сондай-ақ объектіні кейін кеңейту мүмкіндіктері ескерілуге тиіс.

6.10.20 Жеңіл автокөліктер үшін автожанармай құю станциясына тікелей жақын жерде қысқа мерзімді аялдауға арналған алаң көзделеді. Тұрақ аумағында жанармай құйылған автокөліктерді қоюға арналған орындар көзделеді.

7 Жол бойындағы сервис объектілерінің ғимараттары мен үй-жайларына қойылатын талаптар

7.1 Жол бойындағы сервис объектілерін сәулеттік безендіру және жабдықтау

7.1.1 Жол бойындағы сервис объектілерін сәулеттік безендіру кезінде жергілікті жердегі ландшафт ескеріліп, онымен үйлесуге және тікелей атқаратын мақсатын (сауда, тамақтану және т.б.), сондай-ақ жол бойындағы жағдайдың ерекшелігін көрсете отырып, мейлінше танылуына ықпал етуге тиіс.

7.1.2 «А» сыныпты жол бойындағы сервис объектілерін жоспарлаудың жобалық шешімі ГОСТ 12.1.004, ГОСТ 12.1.051, ГОСТ 12.1.007 талаптарына, сондай-ақ [12], [16] және т.б. нормаларға сәйкес келуге тиіс.

7.1.3 Жол бойындағы сервис объектілерінің ғимараттары мен құрылысжайлары зауыттық толық әзір күйіндегі блок-модуль түрінде болуы мүмкін.

7.1.4 Жол бойындағы сервис объектілерінде орнатылатын шағын сәулет нысандарының барлық металл элементтері мырышталуға (ыстықтай мырыштау әдісі) тиіс.

7.2 Жол бойындағы сервис объектілеріне қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптар

7.2.1 Жол бойындағы сервистің барлық объектілерінде абаттандырылған (жылы) дәретхана жұмыс істеуге тиіс.

7.2.3 Жол бойындағы сервис үй-жайларын күтіп ұстау [3] қоғамдық үй-жайларға қойылатын санитариялық-гигиеналық қауіпсіздік талаптарға сай болуға тиіс.

7.2.4 Аялдама пункттері, павильондар мен қалқалар қоқыстан, қардан және мұздан тазартылуға тиіс. Көктайғақ кезінде аялдама пункттеріне құм себілуіне тиіс.

7.2.5 Тазарту құрылғылары болған жағдайда олар жаңбыр жауғаннан кейін 10 мм қабат ағынды суды қабылдауға, сондай-ақ еріген қар суын және автокөлік құралдарын жуған суды қабылдауға есептелген болуға тиіс.

7.2.6 Қарауға арналған эстакадада пайдаланылған майлар мен басқа да сұйықтықтарды ағызатын ыдыс болуға тиіс.

7.2.7 Жол бойындағы сервис объектілерінің демалыс алаңдарын және 50 м радиустағы алаңға іргелес аумақты күтіп ұстауды жол бойындағы сервис объектісінің иесі (жалға алушы) жүзеге асырады.

7.3 Өртке қарсы қауіпсіздік

7.3.1 Жол бойындағы сервистің ғимараттары мен үй-жайлары өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ҚР СТ ГОСТ Р 12.04.026 және ҚР СТ 1174 талаптарына, сондай-ақ [4], [5], [6], [9], [11], [19], [20] жобалау нормаларына және т.б. сәйкес келуге тиіс.

7.3.2 Жол бойындағы сервис объектілері орталықтандырылған өрт туралы хабарлау жүйесімен жабдықталуға тиіс. Өрт туралы хабарлау жүйелері [8] талаптарына сәйкес келуге тиіс.

7.3.3 Жол бойындағы сервис объектілері үй-жайларының түтіннен қорғалуы [15] талаптарға сәйкес келуге тиіс.

7.3.4 Эвакуациялық шығу жолдары, эвакуациялық жолдар және эвакуациялық баспалдақтар мен баспалдақ торлары [6] талаптарға сәйкес келуге тиіс.

7.3.5 Жол бойындағы сервис объектісі ғимаратының әр қабатында ҚР СТ ГОСТ Р 12.04.026 және [5] сәйкес ресімделген өрт жағдайында адамдарды эвакуациялау схемасы болуға тиіс.

7.3.6 Өрт сөндіру машиналарының өту жолдарының, сыртқы өрт баспалдақтарының, ғимарат шатырына шығу жолдарының құрылысы [6], [20] талаптарға сәйкес келуге тиіс.

7.3.7 Жол бойындағы сервис объектісінің ғимаратында өрт сөндірудің бастапқы құралдарын, жеке және ұжымдық құтқару құрылғыларын, өрт болған жағдайда персонал мен өрт қауіпсіздігі қызметі үшін қажетті басқа да құрал-саймандарды орналастыру үшін өрт сөндіру бекетіне арналған үй-жай бөлінуге тиіс.

7.3.8 Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар, өрттің алдын алу және өрттен қорғау жүйелері ГОСТ 12.1.004 және [13] талаптарына сәйкес жүргізіледі.

7.3.9 Өрт сөндіру техникасы және оның жол бойындағы сервис объектілерінің ғимаратында орналасуы ҚР СТ 1174 және [11] талаптарына сәйкес келуге тиіс.

7.3.10 Жұмысшыларға тигізетін әсерінің алдын алу немесе азайту үшін қауіп-қатерлердің бар екені немесе туындау ықтималдығы ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 және [5] сәйкес сигналдық түстермен және қауіпсіздік белгілерімен көрсетілуге тиіс.

ҚР СТ 2476-2021

7.4 Жол бойындағы сервис объектілері үй-жайларының температуралық режиміне, желдету және ауа баптауға қойылатын талаптар

7.4.1 Жол бойындағы сервис объектілерінің ғимараттары мен үй-жайлары қолайлы температуралық режимді және олардың ауасын желдету мен баптауды қамтамасыз етуге міндетті.

7.4.2 Жол бойындағы сервис үй-жайларының ішкі ауа температурасы 10-кестеде белгіленген мәндер шегінде болуға тиіс.

7.4.3 Жол бойындағы сервис үй-жайларын желдету және ауасын баптау 8-кестеде көзделген температуралық режим мен ауа алмасуды қамтамасыз етуге тиіс.

7.4.4 Ауаны жылыту, желдету және баптау [11], [12] ережелеріне сәйкес қарастырылады.

10-кесте – Үй-жайлардың рұқсат етілген температурасы және ауа алмасу

Үй-жайлардың атауы	Температура, °С		Бір сағаттағы ауа алмасу еселігі немесе көлемі	
	жылдың жылы мезгілі	суық және маусымаралық кезең	келетін	сорылатын
Жолаушылар мен жүргізушілердің ұзақ демалу бөлмелері	18 – 28	18 – 24	1,5	1,5
Медициналық пункт: дәрігер кабинеттері және науқастарды уақытша ұстауға арналған үй-жайлар	20 – 24	20 - 24	2	1 унитазға 50 м ³ /сағ және 1 писсуарға 25 м ³ /сағ
дәретханалар	20 – 25	16 – 20	-	сағ
Жалпыға ортақ дәретханалар	18 – 28	15	2	1 санитариялық аспапқа 100 м ³ /сағ
Персоналдың тұрмыстық үй-жайлары:				
киіну бөлмесі	18 – 28	14 – 20	-	душ бөлмесіндегі сорғыш
себезгі бөлмесі	18 – 28	18 – 26	-	1 торға 75 м ³ /сағ,
дәретханалар	18 – 28	18 – 26	-	1 унитазға 50 м ³ /сағ, 1 писсуарға 25 м ³ /сағ

7.5 Жол бойындағы сервис үй-жайларын жарықтандыруға қойылатын талаптар

7.5.1 Жол бойындағы сервис объектілерінің үй-жайлары мен инфрақұрылымын жарықтандыру жай-күйі [14] талаптарға сәйкес келуге тиіс.

7.5.2 Жол бойындағы сервис объектілерінің үй-жайлары мен инфрақұрылымын жарықтандыру табиғи және жасанды жарық арқылы қамтамасыз етілуге тиіс.

Жол бойындағы сервис объектілері үй-жайлары мен инфрақұрылымын жарықтандыру мыналардан кем емес мәндерде болуға тиіс:

- қоғамдық тамақтану пункті – 200 лк;
- бөлшек сауда аймағы – 300 лк;

- ана мен бала бөлмелері – 200 лк;
- ана мен баланың ұйықтайтын бөлмесі – 150 лк;
- медициналық пункт – 200 лк;
- тазалық тораптары – 75 лк;
- автобус тұрақтары, өту жолдары – 10 лк.

7.6 Күзетке және қауіпсіздікке қойылатын талаптар

7.6.1 «А» және «В» сыныпты жол бойындағы сервис объектілері үшін қоғамдық тәртіп пен жол пайдаланушыларының қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ жол бойындағы сервис объектісінің бағажы мен мүлкін қорғау қарастырылады.

7.6.2 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жол бойындағы сервис объектілері бейнебақылау жүйесімен жабдықталуы мүмкін.

7.7 Сәндік көгалдандыру

7.7.1 Жол бойындағы сервис объектілерінде жылдың жазғы мезгілінде айырып көрсету, композициялық безендіру және көлеңке жасау үшін бөлек ағаштармен, бұталар тобымен немесе өсімдіктерден жасалған қоршаумен көгалдандырылуға тиісті арнайы аймақтар айқындалуы мүмкін. Жол сервисінің үлкен объектілерінде (5000 м² астам) пайдаланылатын алаңдардың оптикалық бөлінісін айырып көрсету үшін бөлек өсетін немесе топтасып өсетін ағаштармен ұштастыра отырып, көлік тұрағының аймақтарын бұталармен шектеу ұсынылады.

7.7.2 Жол бойындағы сервис объектілерін сәндік көгалдандыруды жобалау кезінде қолданыстағы өсімдіктерді барынша пайдалану қажет. Бөлек тұрған немесе топтасып өскен ірі ағаштар ерекше құнды болып саналады.

Жасанды түрде орналастырылған көгалдар жолға іргелес ландшафттың көркем көріністерін бүркемеуге тиіс және айналадағы жергілікті жердің жақсы көрініп тұруын қамтамасыз етуге тиіс. Сәндік көгалдандыру элементтері айналадағы көріністі шектемеуге және жол қозғалысы қауіпсіздігін нашарлатпауға тиіс.

7.7.3 Жол бойындағы сервис объектілерін сәндік көгалдандыру келесідей түрде орындалады:

- жүйелі түрде – ағаштар мен бұталар, сондай-ақ өсімдіктерден жасалған қоршаулар желісін (аллея немесе қатарлы түрде) отырғызу;
- ландшафт немесе еркін түрде – ағаштар мен бұталарды топтастыра, объектіге іргелес ландшафтпен байланыстыра отырғызу;
- аралас түрде – жүйелі және еркін екепелерді үйлесімді түрде, сондай-ақ кешенді түрде отырғызу.

7.7.4 Ағаштардың түрлері жергілікті ерекшеліктерге және көлеңкелеу қажеттілігіне қарай (мысалы, қайыңның көлеңкесі аз, ал үйеңкінікі неғұрлым көп болады), саны мен орналасуы композициялық тәсілдерге және жарық түсетін жақтарына қарай таңдалады.

7.7.5 Жол бойындағы сервис объектісі аумағының композиция, функция және кеңістік бірлігінің құрылыс жүргізілмейтін алаңдарында газон орнатылады.

8 Жол бойындағы сервис объектілерін ақпараттық қамтамасыз ету

8.1 Сыртқы (көрнекі) жарнама

8.1.1 Жылжымалы және жылжымайтын объектілерде орналастырылған, сондай-ақ автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде және елді мекендердегі үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте орналасқан жарнама қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Жарнама орналастырудың жылжымайтын объектілеріне стендтер, жарық таблолары, билбордтар, транспаранттар, плакаттар және басқа да осыған ұқсас құралдар жатады.

ҚР СТ 2476-2021

8.1.2 Сыртқы (визуалды) жарнама ҚР СТ 1633, ГОСТ 33027 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

8.2 Жол бойындағы сервис объектілерін ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

8.2.1 Жол бойындағы сервис объектісінде жол пайдаланушылары үшін ақпарат беру ұйымдастырылады. Ақпараттық қамтамасыз ету көз шамасымен және (немесе) дыбыстық ақпарат беру арқылы жүзеге асырылады.

8.2.2 Визуалды ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде (сонымен қатар халықаралық жолдарда ағылшын тілінде) беріледі.

8.2.3 Визуалды ақпарат жол бойындағы сервис объектілерінің ұсынатын қызметтері туралы толық мәліметтерді қамтиды.

8.2.4 Жол бойындағы сервис объектілерінің қоғамдық үй-жайларында тұтынушы құқығын іске асыру жөніндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерден үзінділер және шектеу ақпараты келтіріледі:

- тұтынушылардың құқықтары;
- шектеу (ғимаратта шылым шегуге тыйым салу, тазалық пен тәртіпті сақтау және т.б.) талаптары.

8.2.5 Өрт немесе басқа да дүлей апаттар кезінде адамдарды үй-жайлардан эвакуациялау схемасы ғимараттың әр қабаты үшін бөлек, қабаттағы барлық үй-жайлар мен эвакуациялау жолдарын көрсете орындалады. Схема ақ фонда қара түспен, ал эвакуациялау жолын көрсететін нұсқарлар жасыл түспен жасалады. Схема ғимараттың әр қабатына ілінеді.

8.2.6 Визуалды ақпаратты ресімдеу келесі қағидаттарға негізделуге тиіс.

8.2.6.1 Визуалды ақпарат қалқандарға, стендтерге, электронды табло немесе тақтайшаларға орналастырылады.

8.2.6.2 Мәтіннің, суреттердің, белгішелердің өлшемі, сондай-ақ олардың жалпы фондағы контрастылығы жол пайдаланушылар үшін ыңғайлы қашықтықтан оқылатындай болуға тиіс.

8.2.6.3 Жол бойындағы сервис объектілерін ақпараттық қамтамасыз ету белгілерінің түс-графикалық ресімделуі жалпы интерьерге сәйкес келіп, ақпараттың айқындылығы мен мәнерлілігін қамтамасыз етуге тиіс.

8.2.6.4 Жол бойындағы сервис объектілері сілтемелерінің өлшемдері, кестелері мен схемаларының түстері ғимараттың жалпы орналасуын, көлемі мен сәулет ерекшеліктерін ескере отырып белгіленеді.

8.2.6 Жол бойындағы сервис объектілері пайдаланушыларға Wi-Fi сымсыз желілік қосылуын ұйымдастыру арқылы Интернетке тегін қол жеткізу мүмкіндігін ұсына алады.

8.2.7 Жолдарда ақпараты орналастырылатын медициналық мекемелердің тізбесі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісілуге тиіс.

9 Жол бойындағы сервис объектілері ұсынатын қызметтерге қойылатын талаптар

9.1 Қызметтердің толық шеңбері (тәулік бойы абаттандырылған (жылы) дәретханаларды, ыстық тағамдарды қоса алғанда) жол бойындағы сервис пен жол қызметі объектілерінің барлық түрлерінде қолжетімді және ашық болуға тиіс.

9.2 АЖС (АГТКС, КриоАЖС, МАЖС) қызметтерінің операторлары:

- гибриді автомобильдерді немесе электромобильдерді қуаттауға арналған сұйытылған газды және электр қондырғыларын қоса алғанда, отынның кең таңдауын ұсынады;

- дене мүмкіндіктері шектеулі адам басқаратын немесе осындай адамды тасымалдайтын автокөлік құралына май құюға көмек көрсетеді.

9.3 Мотель және кемпинг қызметтері:

- ҚР СТ БС ЕН ИСО 18513 және ҚР СТ ГОСТ Р 50690 талаптарына сәйкес келуге;

- дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға еркін қолжетімділікті ұсынудың тұжырымдамалық қағидаттарын қамтамасыз етуге тиіс.

9.4 Абаттандырылған (жол бойындағы) дәретхана қызметтері пайдаланушылар үшін тәулігіне 24 сағат бойы, күнтізбелік жыл бойына ұсынылуға тиіс. Тазалық қамтамасыз етілуге тиіс. Су тапшы аймақтарда биодәретханаларды пайдалануға жол беріледі [3].

9.5 Жеке пайдаланылатын үй-жайларда (жабық түрдегі себезгі кабиналарында) денеге судың әртүрлі тәсілмен әсер етуінен тұратын қоғамдық себезгі бөлмесінің қызметтері адамның гигиеналық қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиіс. Себезгі бөлмесі:

- таза ыстық және салқын немесе жылы сумен;

- сабын немесе басқа да тиісті дезинфекциялық тазарту құралдарымен;

- сүлгілермен немесе басқа қолайлы кептіру құралдарымен;

- жеткілікті желдету және жарықтандырумен қамтамасыз етілуге тиіс.

9.6 Бөлшек сауда орындарының қызметтері ҚР СТ 1756 талаптарына сәйкес келіп, тұтынушыға тауарларды таңдау мүмкіндігін ұсынуға тиіс.

9.7 Тамақтану және сауда қызметтері ҚР СТ 1753, ҚР СТ 1754, ҚР СТ 1755, ҚР СТ 1756, ҚР СТ ГОСТ Р 50763 талаптарына сәйкес келіп, пайдаланушыларға тәулік бойы ыстық тағамдарды таңдау мүмкіндігін ұсынуға тиіс.

9.8 Автомобильдерге жоспарлы техникалық қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеу, ақаулықтарды жою бойынша көрсетілетін ТҚС қызметтері қолданыстағы заңнамаға және техникалық регламенттерге сәйкес келуге тиіс.

9.9 Автомобиль көлігін жуу пунктінің қызметтері автокөлік құралын дымқылдай және құрғақтай тазалау шеңберінде қызмет пайдаланушының талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

9.10 Тұрақтар, күзетілетін тұрақтар мен көлік қою қызметтері қызмет пайдаланушылардың автокөлік құралдары мен багажының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

9.11 Банкоматтардың, төлем терминалдарының және сауда аппараттарының қызметтері жол бойындағы сервис объектілерінде жол сервисі иесінің қалауы бойынша және қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұсынылуы мүмкін.

9.12 Сейіл жасауға арналған орындарды ұсыну қызметтері пайдаланушылар үшін тәуліктің кез келген уақытында кедергісіз қолжетімді болуын қамтамасыз етуге тиіс.

9.13 Қоқыс жинағыштар жол пайдаланушылары үшін жеткілікті мөлшерде болуға тиіс. Қоқысқа арналған жәшіктер мен контейнерлер жүйелі түрде, тәулігіне кемінде екі рет және толған сайын тазартылуға тиіс.

9.14 Медициналық көмек. Жол бойындағы сервис объектісіндегі медициналық көмек көлемі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

9.15 Қысқы және маусымаралық кезеңдердің қолайсыз ауа райы жағдайларында жылыну пунктінің қызметтері қауіпсіз және үздіксіз көлік қатынасы болмаған жағдайда, адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және адамның қажеттіліктерін (жылу, ыстық сусындар және т.б.) қанағаттандыруға тиіс.

9.16 Туристік бюроның қызметтері ҚР СТ БС ЕН ИСО 18513, ҚР СТБ 1352 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

ҚР СТ 2476-2021

9.17 Балалар алаңының қызметтері тәуліктің күндізгі уақытында ұсынылуға тиіс. Балаларға арналған құрылысжайлар мен жабдықтар ҚР СТ ГОСТ Р 52167, ҚР СТ ГОСТ Р 52169, ҚР СТ ГОСТ Р 52300 талаптарына сәйкес балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс,

9.18 Ана мен бала (10 жасқа дейінгі) және жүкті әйелдер бөлмесінің қызметтері, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі пайдаланушыларға арналған бөлме қызметтері ұсынылуға тиіс.

Ана мен бала бөлмесінде бала емізуге арналған бүркемеленген аймақ болуға тиіс. Жол пайдаланушылары осы қызмет түрі туралы хабардар болуға тиіс.

9.19 Тұрмыстық қызметтер. Кір жуу және химиялық тазалау қызметтері ҚР СТ ГОСТ Р 52058 сәйкес сапасы мен уақыты жағынан қызмет пайдаланушыларға қолайлы болуға тиіс.

9.20 Бос уақыт өткізу және демалыс қызметтері – клиенттердің кең ауқымына есептелген алуан түрлі демалыстар (кинотеатр, ойын аймағы, теннис, боулинг, бильярд және т.б.) қамтуға тиіс. Көрсетілген қызметтер жол бойындағы сервисің «А» объектілерінде ұсынылады.

9.21 Валюта айырбастау пунктiнiң қызметтері әдетте шекара маңындағы аймақтарға орналастырылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

9.22 Жол бойындағы сервис объектілерінің персоналы:

- жол-көлік оқиғалары мен төтенше жағдайлар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын білуге;

- арнайы немесе нысанды киім киюге, бейджер тағып жүруге тиіс.

10 Жол жүрісінің қозғалысы шектеулі қатысушыларына қызмет көрсететін жол бойындағы сервис объектілеріне қойылатын талаптар

10.1 Жалпы ережелер

Жол бойындағы сервис объектілері ҚР СТ ГОСТ Р 52131 және [17] талаптарына сәйкес қозғалысы шектеулі жолаушыларға қызмет көрсету қолжетімділігін, қауіпсіздігін, ақпараттылығын және жайлылығын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

10.2 Қолжетімділік

10.2.1 Жол бойындағы сервис объектісінің ғимаратында мүгедек адамдар үшін бейімделген жер бетінен, сондай-ақ осы ғимаратқа жалғанған және қозғалысы шектеулі келушілер үшін қолжетімді әрбір жерасты немесе жерүсті өткелінен кемінде бір кіру есігі болуға тиіс.

10.2.2 Қабырғадағы есік және ашық ойықтардың ені 0,9 м кем болмауға тиіс. Ашық ойықтың тереңдігі 1,0 метрден асатын болса, оның ені коммуникациялық өту жолының ені бойынша, бірақ 1,2 м кем емес ретінде қабылданады.

